

Б.Т. Қабатай, Ү.К. Зейнетоллина, В.А. Қалиева

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 821.512.122.0я72
Қ 13

Бастауыш білім беру деңгейінің 2–4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– бөлімнің аты



– жеке жұмыс



– жаңа сабақ



– жұптық жұмыс



– суретпен жұмыс



– топтық жұмыс



– шығармашылық жұмыс



– жазу жұмысы



– сөздік



– тыңдалым

Қабатай Б.Т. т.б.

Қ 13 Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық: 2 бөлімді. / Б.Т. Қабатай, Ү.К. Зейнетоллина, В.А. Қалиева. – Алматы: Атамұра, 2018. – 128 бет.

ISBN 978-601-331-084-8

1-бөлім. – 2018. – 128 б.

ISBN 978-601-331-083-1

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 821.512.122.0я72

ISBN 978-601-331-083-1 (1-бөлім)
ISBN 978-601-331-084-8

© Қабатай Б.Т., Зейнетоллина Ү.К.,
Қалиева В.А., 2018
© «Атамұра», 2018

Жас дос!

Халқымыз «Өнер алды – қызыл тіл» деген. Сен бұл «Әдебиеттік оқу» кітабынан көркемсөз өнерін, сөйлеу мәдениетін үйренесің. Ең бастысы, халық ауыз әдебиеті үлгілері мен көркем әдеби шығармаларды оқып-талдау арқылы қазақ тілінің бай мұрасымен танысып, қазақтың ұлттық мәдениетінен мәлімет аласың. Оқулықта қызықты әңгімелер, ертегілер, өлеңдер және басқа да шығармалар берілген.

Сондай-ақ шешендік сөздер мен нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді, өлеңдерді жаттайсың. Оларды күнделікті өмірде қажетіңе қарай қолдануға жаттық.

Сенің көркемсөз өнерін игерудегі қадамың сәтті болсын!

Оқулық авторлары



1. Мәтін бойынша сұрақтар қоясың және жауап бересің.
2. Көркем шығарма бөліктерін салыстырасың.
3. Оқиға желісін болжау арқылы мәтінді жоспар бойынша жалғастырып әңгімелейсің.
4. Сөйлеуде бейнелі сөздер, нақыл сөздер, суреттер, фотосуреттерді қолданасың.
5. Мәтінді түсініп, мәнерлеп, рөлге бөліп, теріп оқисың.
6. Кейіпкердің іс-әрекетіне баға бересің.
7. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайсың.
8. Мысал, өлең, бата, нақыл сөздің басты белгілерін білесің.
9. Кейіпкердің портретін сипаттайсың.
10. Өлең, мәтін құрастырасың.

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



УАҚЫТ



ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



1

Оқуға шақыру



Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар қоясың және жауап бересің.



1. Суреттерге зер сал. Тәуліктің қай кезі деп ойлайсың? Бәріне ортақ болатын тақырып ойластыр. Оны түсіндір.



2. Өлеңді түсініп оқы.

Оқуға шақыру

оқу

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап,
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана, әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.

даналық

іздену

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да.
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.

үйрену

Балалар, бұл жол басы – даналыққа,
Келіңдер, түсіп байқап, қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
 Соларды көре тұра қалалық па?!
 Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
 Жүріңдер, іздеп, тауып алалық та!

Ахмет Байтұрсынұлы

3. Түсініп оқы, автор туралы әңгімеле.

Ахмет Байтұрсынұлы – ұстаз, ғалым, ақын




Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937)
 қазіргі Қостанай облысы Жангелдин
 ауданы Сарытүбек ауылында туған.
 «Әдебиет танытқыш», «Қырық мысал»,
 «Тіл – құрал» атты еңбектері бар.

4. Сұрақтарды жалғастыр.

- 1) А. Байтұрсынұлы кім?
- 2) ... ?
- 3) ... ?



5. Сызбадағы ойды өз сөзіңмен түсіндір.



6. «Оқуға шақыру» өлеңін шумақтарға бөліп оқы. Қарамен жазылған сөздерге сүйеніп, әр шумаққа 1 сұрақ құрастырып, жауап бер.

2

Күн шыққанда



Өлеңдегі маңызды жолдарды тауып жазасың.



1. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Бәріне ортақ болатындай тақырып ойластыр. Оны түсіндір.

1. Ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.
2. Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.
3. Күш – білімде,
Білім – кітапта.
4. Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады.

«Аласың білім кітаптан»



2. Өлеңді тыңда.

Күн шыққанда

Шырт ұйқыда жатқанда,
Шырылдайды торғайым.
Ұйқыны ашты, оятты.

Мал масайрап өрісте,
Құрт-құмырсқа бәрі істе,
Тұр, көкешім, күн шықты.

Қалыпсың ұйықтап, қарағым,
Қалады-ау сенің сабағың,
Жуын, жүгір мектепке.



Ашасың көзді сабақтан,
Аласың білім кітаптан,
Боласың адам мектепте.

Ілияс Жансүгіров



Масайрап – еркін, рақаттанып.

3. Түсініп оқы, автор туралы әңгімеле.

• **Ілияс Жансүгіров – ақын, аудармашы, драматург**



Ілияс Жансүгіров (1894–1938) Алматы облысының Ақсу ауданында туған. «Балаларға базарлық», «Мектеп» атты кітаптары бар.



4. Өлеңнің алғашқы екі шумағын дауыстап оқы. Өлең жолдары бойынша қандай сурет салуға болатыны туралы досыңмен ой бөліс.



5. Ақын ойын түсіндің бе? Қорытынды ой айтылған жолдарды тауып жаз.

3

Есеннің кірпісі



Шығарманың тақырыбын анықтайсың.



1. Жұмбақты шеш.

Тұмсығында түймесі бар,
Үстінде сұр жейдесі бар,
Жейдесінде инесі бар.

ұқсастығы

2. Мәтінді түсініп оқы.

Есеннің кірпісі

(Әңгіме)

айырмашылығы

Есен үйінің айналасында зәулім ағаш көп. Бірінде алма, бірінде алмұрт, тағы біреуінде моншақтай қызыл шие, уылжыған өріктер өсіп тұр. Ағаштардың арасында қызғылт бүлдіргендер де жасыл жапырақ арасынан қылтиып бой көрсетеді. Есеннің аса бір күтетіні – өзі егіп өсірген гүлден тіккен шатыр сияқты дөңгелене өскен шоқ ағаш. Оның ішіне Қаби екеуі үйінен тартылған



электр сымна шам орнатты. Түнде оны жағып, екеуі сабаққа дайындалады.

Есеннің асыранды кірпісі электр шамы жанған кезде ағаштардың арасынан шығып, жаздық күркедегі кереуеттің астына кіріп кетеді. Ол кереует астынан шығып, қараңғы түнде жайнаған электр жарығына таңырқағандай кішкене тұмсығын шығарып қарап-қарап тұрады да, қайтадан жиырылып қалады. Есеннің «кірпім-кірпім» деген дауысы шыққанда тұмсығын шығарып, азығын іздейді. Есен оның азығын күні бұрын дайындап қойып, үнемі оның қимылын бақылайды.

Есен кереуеттің бас жағында тұрған мандолинасын алып тартты. Мандолинаның дыбысы түнгі тынық кеште өте ашық, әдемі еді. Біраздан соң кірпі домаланып кереует астынан шықты да, дыбысты аңғарып, тура Есеннің алдына келді. Сөйтті де әуенді анық тыңдағысы келгендей тұмсығын сәл көтеріп, аз тұрды. Кітап оқып отырған Қаби басын көтергенде:

– Мына кірпінің тыңдап тұрғанын қарашы. Әуен ырғағын сезеді өзі, – деді Есен күлімсіреп.

Сапарғали Бегалин

3. Түсініп оқы. Өңгіменің авторы туралы өңгімеле.

• Сапарғали Бегалин – балалар жазушысы, ақын



Сапарғали Бегалин (1895–1983)
қазіргі Шығыс Қазақстан облысы
Абай ауданы Дегелең ауылында туған.
Шоқан Уәлиханов туралы жазған
«Шоқан асулары» атты кітабы бар.



4. Өңгімеден табиғат суреттелген жолдарды тауып оқы. Осы үзінді бойынша қандай сурет салар едің?



5. Есен кірпісіне қандай азық дайындап қояды деп ойлайсың?



6. Әуен тыңдаған кірпі туралы не айтасың? Осыған ұқсас оқыған, көрген оқиғаларыңды әңгімелеп бер.

7. Есеннің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Мәтінді басқаша тағы қалай атар едің?

4

Табиғат тағылымы



Мысалдың басты белгілерін білесің және қойылым түрінде көрсете аласың.



1. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер. Оқылатын мәтін не туралы екенін болжа.

- Суреттен нені көріп тұрсың?
- Жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Құмырсқаның киімі қандай? Шегірткенің ше?
- Шегірткенің көңіл күйі қандай деп ойлайсың? Неліктен?

мысал

кейіпкер



2. Мысалды тыңда.

Шегіртке мен құмырсақ (Мысал)

шырылдауық
шегіртке

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп өн салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүні жапырақтың
Бірінде – тамақ, бірінде – үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң, кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан,
Ойын қайда, өн қайда?



еңбексүйгіш
құмырсақ



Оныменен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Сабанда жатып дән жиған
Құмырсақаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
– Қарағым, жылыт, тамақ бер,
Жаз шыққанша асыра!

– Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

– Мен өзіндей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?

ҚОРЫТЫНДЫ
ойы

– Қайтсін қолы тимепті,
Өлеңші, әнші, есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

Иван Крыловтан

Аударған Абай Құнанбаев



Қабағын қайғы жабады – қатты көңілсізденеді, мұңға батады.

Абай Құнанбаев орыс тілін жақсы білген. Бұл оған орыс ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударуына мүмкіндік берді. Абай Иван Крыловтың 13 мысалын аударған. Рас, олардың барлығын бірдей бірыңғай таза аударма деу де қиын. Ақын негізінде И. Крылов мысалының жалпы мазмұнын алады да, өзінше еркін баяндайды.

3. Түсініп оқы, ақын туралы әңгімеле.

**Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны,
аудармашы**



Абай Құнанбаев (1845–1904) Семей өңіріндегі Шыңғыстауда дүниеге келген. Ол орыс тілін жетік меңгеріп, орыс тілінде жазылған әдеби шығармаларды көп оқыды. Орыс және батыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударды.

4. Мысалдан кейіпкерлерге қатысты сөздерді тауып жаз.




жұмсақ илеу ...



өлеңші, өнші ...

5. Мысалға сүйеніп, кейіпкерлерді салыстыра сипаттап жаз.



6. Мысалдан көңілдеріңе не түйдіңдер? Құмырсқа мен шегірткенің әрекетіне баға беріңдер. Құмырсқаның жауабымен келісесіңдер ме, әлде келіспейсіңдер ме? Ойларыңды дәлелдендер. Шегірткеге қандай кеңес берер едіңдер?



7. Мысалды сахналаңдар.



8. Мысалды талда.

Авторы және атауы	Басты кейіпкерлері	Бөлімдері	Қорытынды ойы
		Басталуы: Жалғасуы: Аяқталуы:	

5

Құмырқаның қанағаты



Ертегінің түрлерін білесің және кейіпкерді сипаттайсың.



1. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Осы сөздер қай шығарманы есіңе түсіреді? Әрқайсысы туралы өз ойыңды білдір.

2. Ертегіні түсініп оқы.

Құмырқаның қанағаты

(Ертегі)

ертегі

Ертеде бір ғұлама болыпты. Ол барлық халықтың, жан-жануардың, жәндіктің, өсімдіктің тілін түгел біледі екен.

Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырқаның илеуіне тап болады. Ол бір құмырқаны ұстап алады да:

– Сенің белің неге жіңішке? – деп сұрайды.

– Қомағай емеспін, – дейді құмырсқа.

– Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің? – деп сұрайды.

– Бір жылға жеткізер едім, – депті құмырсқа.

Ғұлама құмырқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды.

Бір жыл өткен соң, сауытты алып қараса, құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында бидай дәнінің жартысы қалыпты. Әрі-беріден кейін бірте-бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, құмырсқа орнынан тұрады.

– «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? – деп сұрайды ғұлама.

– Иә... Ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлдеқайда жақсы болған болар еді. Бірақ сен бір

жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен бостан-босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті, бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, – деп жауап береді құмырсақ.

Ғұлама құмырсақтың шыдамдылығы мен қанағатына қайран қалыпты.

Содан кейін ғұлама қанағаттық қасиетін адам бала-сына үйретіпті.

«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 73-том



3. Оқыған мәтіндеріңе сүйеніп, құмырсақты сипаттап жаз.


Мәтіннің аты	Мәтіннің түрі	Құмырсақтың сипаты
И. Крылов «Шегіртке мен құмырсақ»		
«Құмырсақтың қанағаты» (Ертегі)		



4. Сенің бойыңда осы аталған сипаттар бар ма? Бір-біріңмен пікірлес.

Аталған сипаттар	Иә	Жоқ	Не қосар едің?

5. Ертегілердің қандай түрлері болатынын есіңе түсір. Берілген ертегі қай топқа жататынын айт.





6. Суретке қарап, ертегіні әңгімеле. Жоспар құр.



табиғат

қанағат

6

Қанатты достарым



Мәтінді бөліктерге бөліп,
ат қоясың және
қажетті ақпаратты табасың.

1. Тыйым сөздерді құрастыр және оның мағынасын түсіндір.
Өз ойыңды дәлелде.

аққуды

құстардың

лақтырма

құсқа

атуға

болмайды

жұмыртқасын

досыңды

тас

болмайды

сатуға

жарма

жұмыртқасын

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қараторғай

Көктем күнінің жылы, жарық сәулесі жерге түсіп, қар еріп жатыр. Күнгей жақтың қары ери бастады. Қарға ұзақ қарқылдап жүр. Қамбар ата бірдеңе істеп отыр. Қасында балалар жүр.

- Ата, не істеп жатырсыз?
- Қонағымға үй істеп жатырмын.
- Сіздің қонағыңыз кім?
- Қонағымды көрерсің.
- Қонағыңыз қандай?
- Қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай, – деп

табиғатты
қорғау

қарт жымияды. Қарттың сөзін түсіне алмай, балалар тұрып-тұрып тарасты.

Қар кетті. Көк шықты. Күн ашық. Бір топ қараторғай ұшып келе жатыр. Ауылдың үстіне келіп жалт бұрылды, олай-бұлай айналды.

Биік ағаштың басында Қамбар атайдың кішкене үйшігі қалқиып тұр. Қараторғайлар ұшып ауылға келді. Біреуі барып үйшіктің аузына қонды. Жанжағына жалтақтап қарады да, үйшіктің дөңгелек тесігінен ішіне кіріп кетті.

Өзге торғайлар да ағаш-ағаштың басынан орын алып, ұшып-қонып жүр. Бауда көк шөптің арасында жыбырлап қоңыздар жүр еді. Қараторғайлар ағаштан түсе-түсе қалып, қоңыздарды теріп жей бастады. Шалшықтан су ішіп, демалуға ағаш басына барып қонды. Тынығып алған соң, ән салды.

Манағы үйшікке кірген торғай сонда мекендеп алды. Күзге шейін кетпеді. Қамбар атай шөп шапса, қараторғайы шегіртке қырады.

Құрт, шегіртке, инелік, маса, шыбын – бәрі де егіннің жауы ғой. Сол жаулардың бәрін қараторғай құртады. Қараторғайдың пайдасы ұшан-теңіз.

Қамбар атайдың «қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай» дегені – сол қараторғай екен.

Жүсіпбек Аймауытов



Күнге жақ – күн түсетін оңтүстік жақ.

3. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, ғалым




Жүсіпбек Аймауытов (1889–1931)
Павлодар облысы Баянауыл ауданы қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылында туған. Ол 13–14 жасынан қисса, дастан жаттап, өлең шығара бастаған.



4. Мәтінге сүйеніп, суреттегі кейіпкерлер арасында диалог құрастыр.



Құстарға
қамқорлық

-  5. Табиғатты қорғау дегенді қалай түсінесің? Кластер құрастыр.




6. Мәтінді оқиға желісіне қарай бөліктерге бөл. Жоспар құр.
7. Әңгімеде қараторғайдың пайдасы туралы не айтылған?

7

Қамқорлық



Көркем шығарманы көрген кинофильміңмен салыстыра аласың.

-  1. Жұмбақтарды шеш.

1. Күндіз тіпті ұшпайды,
Түнде тышқан ұстайды.
Көзі шамға ұқсайды.

балапан

2. Өзі баспай, басқаға
Жұмыртқасын бастыратын.
Қайталап өз атын,
Қулығын асыратын.

мәпелеу

қамқорлық

3. Аққу емес, мойны ұзын,
Тырна да емес, сирақты.
Аулайды балық күнұзын,
Түсіреді еске жирафты.

«Алтын абдыра» кітабынан

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қамқорлық

Қолында аша ағашы бар сұр кепкалы бала жақындай түссе де, балапан торғай бейқам отыра берді. Тек аяғының астындағы шарбақ ағашы сақ ете түскенде, ол селт етіп, шошып қалды.

Жантас екінші рет атып үлгергенше балапан торғай жанталасып ұша жөнелді.

Балапан торғай алыс шырқап ұша алмайтын еді. Көшенің ар жақ бетіндегі бір шоқ талға талықсып әрең жетіп қонды. Жүрегі кеудесіне сыймай дүрс-дүрс соқты.

Жантас ентелеп тағы жетті. Зақысын жүгіріп келе жатқан бойда оқтап алды да, қалт тұра қалып және атты. Тас бұл жолы зу етіп, балапанның төбесін жалап өтті. Ол көзін жыпылық еткізіп, бұға қалды. Бала балапан торғайдың қыр соңынан қалмады, ауылды шыр айналдырып қуа берді. Өкпесі өшіп әлсіреген балапанның енді көтеріліп ұшуға халі де қалмады.

Үрейі ұшқан балапанның жүні үрпип, дуалға жабыса түсті. Әлсіз аяқтары сырғанақтап, сүріне құлап, «Аяшы!», «Атпашы!» деп жалынғандай шыр-шыр етеді. Бірақ безбүйрек Жантас оған құлақ аспады. Қол-созым жерде тұрып атқылай бастады.

Кенет Жантастың арт жағынан:

– Әй, о немене? – деген дауыс саңқ ете қалды. Жалт қараса, Қожа жүгіріп келеді екен. Жантас балапанды тездетіп тағы бір атып жіберді. Егер осы атқанда да тимесе, онда бас салып Қожадан бұрын ұстап алмақ.

Бірақ бұл жолы атылған тас иесінің жауыз ниетін құптап ұшты. Дәл топшысынан дөп тиген тас балапан торғайды домалатып түсірді...

Торғайды Қожа ұстап, мәпелеп үйге әкелді. Газет бетіне нанның үгіндісін сеуіп, «же» деп торғайға

апарды. Бірақ балапан жемек түгіл, басын оңды-солды бұрып, татып алмады.

Қожаның босатып қоя беруі мұң екен, балапан жорғалап барып кереуеттің астына еніп кетті...

Бердібек Соқпақбаев



Безбүйрек – қатігез, мейірімсіз.

3. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.


• Бердібек Соқпақбаев – балалар жазушысы



Бердібек Соқпақбаев (1924–1991) Алматы облысы Райымбек ауданында туған. Балаларға арналған «Менің атым – Қожа» деген қызықты шығармасы бар. Осы кітап туралы жазушы: «Бір сөзбен айтсам, өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды», – дейді.



4. Суретке қарап, берілген сұрақ-тапсырмаларды орында.



- Осы суретте мәтіндегі қандай оқиға бейнеленген?
- Мәтінге сүйеніп, суреттегі торғайдың халін сипатта.
- Сенде торғайға деген аяушылық сезім пайда болды ма? Неліктен?

• Жантастың әрекеті дұрыс па? «Менің ойымша, ...», «Менің айтайын дегенім ...», «Өз пікірімді айтар болсам, ... » деген сөз тіркестерін қолдану арқылы өз пікіріңді білдір.

5. Мәтіннің қалай аталып тұрғанына мән бер. Бұл сөз қай кейіпкерге қатысты? Дәлелде.



6. Осы бөлімде торғай туралы қандай мәтіндер оқыдың? Кестені толтыр.

Мәтін	Авторлары	Кейіпкерлері	Негізгі ойы

7. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасының желісімен 1963 жылы «Қазақфильм» студиясы «Менің атым – Қожа» атты балалар фильмін түсірді. Режиссёрі – Абдолла Қарсақбаев. Мүмкіндігің болса, ғаламтордан фильмді көруіңе болады. Өзің оқыған мәтіннің сол шығармадан алынған үзінді екендігіне көз жеткізе аласың.

8

Туған өлке гүлдері



Мәтінді әңгімелегенде көркемсөзді қолдана аласың.



1. Мына пікірге мән бер. Осы пікірдің дұрыстығын дәлелде.

Туған өлкем гүлдерімен көрікті. Өйткені ...

1. ...
2. ...
3. ...

2. Өлеңді тыңда. Сен де мәнерлеп оқуға жаттық.

Гүлдер

Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер.
«Жайнар кезім келді» деп,
Қанаттарың желбіреп,
Таңмен бірге оянып,
Күн нұрына боянып,
Көрік бердің далаға.

Гүлдер, гүлдер, не түрлі
Құлпырды да жетілді.
Барлық дала өртеніп
Бара жатқан секілді.
Өрт дегенім – гүл екен,
Отқа ұқсап тұр екен.
Лүпіл қағып жүрегім,
Үзіп алдым біреуін,
Сыйлайын деп анама.

Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер,
Қызыл гүлдер, көк гүлдер.
Тұра берші ырғалып,
Тұра берші нұрланып,
Сол тұрғаның ұнайды,
Құлпырғаның ұнайды,
Ұқсап сәби балаға.



көп гүлдер

ақ гүлдер

қызыл гүлдер

көк гүлдер

Тұманбай Молдағалиев

3. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Тұманбай Молдағалиев – ақын, аудармашы



Тұманбай Молдағалиев (1935–2011)
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Жарсу ауылында туған. Балаларға арналған «Жаңа дәптер» және т.б. өлең жинақтары бар. Халық арасында кең тараған «Құстар қайтып барады», «Шақырады көктем» өңдерінің сөзін жазған.

4. Өлеңнен гүлдерге қатысты көркем-бейнелі сөздерді тап. Оларды қолдана отырып, өлеңнің қысқаша мазмұнын айт.

Бір нәрсенің айрықша сипатын анықтау үшін оны көркейтетін, айқындайтын бейнелі сөз қосылады. Бұл көркемсөз **эпитет** деп аталады.



5. Анаңа, ұстазыңа және досыңа сыйлайтын гүлдеріңе көркем-бейнелі сөздердің көмегімен сипаттама бер.



• Гүл туралы 5 жол өлең құрастыр:

1-жол – тек 1 сөзбен беріледі: зат есім.

2-жол – тақырыпты 2 сөзбен сипаттау: сын есім.

3-жол – тақырыпқа қатысты 3 қимыл атауын жазу: етістік.

4-жол – сезімді білдіретін 4 сөзден тұратын бір сөйлем.

5-жол – тақырыппен мәндес 1 сөз: синоним.

9

Табиғаттағы байланыс



Шығарманы өз ойыңмен
толықтырасың.

1. Әр қатардағы сөздер арасына байланыс тізбегін құр. Әңгімеле.

1. Гүл, ара, бал.
 2. Бидай, тышқан, түлкі.
 3. Жемістер, адам, денсаулық.
2. Мысалды рөлге бөліп, түсініп оқыңдар.

Терек пен қабығы

(Мысал)

Терек:

Қабығым-ау, қабығым,
Қатты қыстың денемді.



Айтшы өзің анығын,
Не үшін тұрсың сен енді?!

Қабығы:

Терегім-ау, терегім,
Қайтып алғын сөзіңді.
Жоқ болса егер керегім,
Жоғалтайын көзімді.

терек

Терек:

Айтар болсам шынымды,
Қабықсың бар болғаны.
Менсіз тіпті күніңді
Көре алмайсың сен-дағы!

ауызбірлік

Қабығы:

Қатты екен тым қарқының,
Жоқ болса егер керегім,
Ашуланбай,
Ал тыным,
Кеттім, қош бол, терегім.

Кенет терек үстінен
Қапа болған сол қабық
Сыпырылып түсті де,
Жатты жолға қамданып.

Болмай ауызбірлігі,
Қабық кетті өкпелеп.
Осылайша, бір күні
Қурап қалды көктерек.

теректің қабығы

Сорасы аққан көзінің
Жасын көрсең бүгінгі.
Қателігін өзінің
Терек кештеу ұғынды.

Бейсебай Кірісбайұлы

3. Түсініп оқы, мысалдың авторы туралы әңгімеле.

Бейсебай Кірісбайұлы – балалар ақыны



Бейсебай Кірісбайұлы (1955–2003) Алматы облысында туған. Балаларға арнап өлеңдер, мысалдар жазған. Оның «Піл неге жылады?», «Аппақ бақбақ» және т.б. өлең жинақтары бар.



4. Мысалға сүйеніп, кейіпкерлер арасында диалог құра.



5. Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, жауап беріңдер.

6. Мысалға басқаша қандай атау беруге болады? Өз ойыңды дәлелде.



• Мысалдың қорытынды ойына сәйкес келетін мақал ойластыр. Нақыл сөзді қойып, мысалды анықта.

Үлгі: «...» дер едім.

10

Мен қалада тұрамын



Шығармадағы оқиғаларды салыстырасың.



1. «Ауыл таңы». «Қала таңы». Осы тақырыптарға қандай сурет салар едіңдер? Ойларыңды әңгімелеп айтыңдар.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Сен ұйықтап жатқанда

I

...Сағат түнгі он екі болып қалды. Жұрт аяғы басылды. Алдымыздағы көшемен ең соңғы трамвай өтіп барады. Вагонда үш-төрт адам көрінеді.

Күндізгі қаптап жүрген трамвай, троллейбус, автобустар қайда қазір? Олардың әрқайсысының арнаулы тұрағы – демалуға жайғасатын орны бар. Олар сонда жиналады. Мұнда түні бойы ұйықтамай, қызмет ететін адамдар бар. Олар әлгі мәшинелерді таңертеңгі сапарға өзірлейді. Күндіз бүлінген жерлері болса, жөндейді. Іші-сыртын сүртіп, еденін жуып тазалайды. Таңертең троллейбус, трамвай, автобустар тап-таза болып, жарқырап шығады.

II

...Бүйірінде «Жедел жәрдем» деген жазуы бар мәшине қақпадан шығып келеді. Өне, жоғары қарай бұрылып, зырлап ала жөнелді. Өлдебіреу аяқастынан қатты ауырып қалған болар. «Жедел жәрдем» оны



тез арада ауруханаға жеткізеді. Онда ұзақ түнде көз ілмей, адамды ажалдан арашалайтын кезекші дәрігерлер бар.

Қалада бірнеше жедел жәрдем стансысы бар. Оларда жұмыс күндіз-түні бірдей қызу жүріп жатады.

Бердібек Соқпақбаев

3. Әңгімені жазған кім? Ол туралы не білесің?

4. Мәтіннің әр бөліміне ат қой.



5. Өлеңді тыңда, мазмұнын ауызша мазмұнда.

Таң

Аспан нұрға боянады,
Көшелер де көріктенеді.
Біздің қала оянады,
Оятады көліктерді.

ауыл таңы

Бау-бақ бейне той алаңы
Шашты сәуле ұшқындарын.
Біздің қала оянады,
Оятады құстың бәрін.

таң

Кептер жемге тояды әлі,
Қоқым-дәмді ептеп терді.
Біздің қала оянады,
Оятады мектептерді.

қала таңы

Келді, міне,
Күз бұлдана,
Жапырақтар желбіреді.
Біздің қала оянады,
Оятып түр енді мені.

Ертай Ашықбаев

6. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Ертай Ашықбаев – ақын, аудармашы



Ертай Ашықбаев 1956 жылы Ақтөбе облысы Теміртау ауданы Бабатай ауылында туған. Балаларға арналған «Ашық сабақ», «Жақсы баға» және т.б. өлең жинақтары бар.

7. Кестедегі сұрақтарға жауап бер.

Мәтін	Шығарманың түрі	Тәуліктің қай мезгілі суреттелген?	Оны неден аңғардың?	Тағы қандай оқиғалар қосар едің?
<i>Б. Соқпақбаев</i> «Сен ұйықтап жатқанда»				
<i>Е. Ашықбаев</i> «Таң»				

Кестені толтыр.

Мәтін	Екі мәтінге ортақ тақырып бер	Айырмашылығы неде?
<i>Б. Соқпақбаев</i> «Сен ұйықтап жатқанда»		
<i>Е. Ашықбаев</i> «Таң»		

11

Бау-бақша аясында



Кейіпкердің іс-әрекетіне
баға бересің.

1. Өлеңге сай ырғақты таңдап, мәнерлеп оқы.

Жеміс бағында

бау-бақша

Бау-бақшаға сән-көрік:

Жүзім,

Шие,

Алма,

Өрік.

Бағбан ата жемісін

Қарай бердік таң болып.

Айтады ата елге сыр:

– Жемісіңді жерге өсір.

Ерінбегін ешқашан,





Еңбек еткін көл-көсір...


жемістер

Бейсебай Кірісбайұлы



2. Суреттегі жемістерді айқындайтын эпитет ойластыр.

Жемістің түрі	Эпитет
1. 	1.
2. 	2.
3. 	3.
4. 	4.

 3. Ертегіні зейін қойып тыңда. Ертегіні басқаша тағы қалай атар едің?

Жүзім жегісі келген қасқыр (Ертегі)

жүзім

Бір түлкі жүзімге тойып, баудан шығып келе жатады. Оны көрген қасқыр:

– Жүзімді қайдан жедің? Айтшы, мен де жейін. Егер айтпасаң, өзіңді жайратамын! – дейді ақырып.

– Ойбай, Қасеке, құлдық! – дейді Түлкі жымындап. – Сізден несін жасырайын, анау баудың ішінде жүзім дегенің толып тұр. Жүріңіз, ертіп алып барайын...

Түлкі осыны айтады да, Қасқырды ертіп апарып, өзіне үйреншікті тесіктен бауға кіргізіп жібереді.

Қасқыр таңсық көрген жүзіміне әбден тойып, баудан қайта шығайын десе, әлгі тесіктен өте алмай, кептеліп қалады.

Мұны көрген Түлкі:

– Қасеке, тым көрсеқызар екенсіз! Артын ойламағанға сол керек! – деп әрі қарай жүре беріпті.

көрсеқызар

«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 73-том



4. Суретке қарап, ертегіні әңгімеле.



5. Түлкі қасқырдың іс-әрекетіне қандай баға берді? Сен оған келісесің бе? Қасқырға қандай кеңес берер едің?



6. «Менің бау-бақшам» жобасын жасаңдар.



1. Бау-бақшаңда қандай жемістер өскенін қалайсың?
2. Әр жемісті сипаттайтын 5 сөз айтыңдар. Мысалы: *қарақат* – қара, қызыл, қышқыл, тосап, «С» дәрумені.
3. Бау-бақшаға қатысты еңбек түрлерін ата.

12

Алмастың ағашы



Мәтіннен өзіңе қажетті
ақпаратты аласың.



1. Жұмбақты шеш.

таза ауа

Көзге ілінбейді,
Жұтсаң білінбейді.

жас ағаш

2. Мәтінді түсініп оқы.

Алмастың ағашы

ерте тұру

Биыл қалада шілде өте ыстық болды. Балалардың жаңбырды аңсағаны сонша, қайта-қайта аспанға қарағыштай береді. Көктен тек шаңытқан күнді ғана көреді. Көздері жыпылықтап, танаулары желбіреп, көлеңке іздейді.



Әрине, мұндайда жапырағы қою ағашқа не жетуші еді. Жел жоқ болса да, ағаштар жапырағын қимылдатып, желпігендей болады. Ал Алмастар тұратын жаңа ықшамауданда ағаш әлі аласа. Көкесі кеше кешкі тамақ үстінде:

– Таңертең күн салқын, ауа таза. Ерте тұрған адам күні бойы онша ыстықтамайды. Жұмысты да өнімді істейді, – деді. Алмас оны құлағына құйып ала қойды.

Алмас ертеңіне ерте тұрып, киініп далаға шықты. Аулада бірде-бір бала жоқ. Маңай тып-тыныш. Күн салқын. Ауа тап-таза екен. Мәдениет сарайын бір айналып келді.

Салқын ауаның әсерінен қайнаған ыстықты онша елемеген секілденді. Ол осы күннен бастап ерте тұруды әдетке айналдырды. Көкесі мен апасы:

– Үшінші кезекте тау ішіндегі лагерьге жібереміз, өзірше осылай дағдылана бер, – десті.

Алмас күнде таңертең тұрып, Мәдениет сарайының маңында серуендейтін болды. Бір-екі бала ілесіп еді, уәделерінде тұрмады. Ұйықтап қала берді. Бір күні Алмас жол жағасындағы шөптің сытырлап жанып жатқанын көрді.

Жалын сумаңдап, көктемде отырғызылған ағаштың түбін орай бастапты. Алмас енді шыдай алмады, жетіп барып, табанымен отты таптай бастады. От оған бой бе-

пер емес. Жас ағаштың қабығын жалап үлгерді. Алмас футболкасын шешіп алып, сонымен ұрды. Өзер дегенде өшірді. Ақ футболкасы қап-қара күйе болды. Бір-екі жері тесіліп те қалды. Оған өкінген жоқ. Әйтеуір іс тындырды ғой.

– Жарайсың, балам! – деген дауысқа жалт қараса, таяғына сүйенген қарт кісі екен. Ерте тұратындардың бірі – осы кісі.

– Мына ағаш енді сенікі болсын, балам! – деді қарт.
– Өзің қарап, сақтап жүр енді. Атың кім?

– Алмас.

– Енді мұны «Алмастың ағашы» дейміз. Қай сыныпта оқисың?

– Күзде екіншіге барамын.

– Ой, айналайын. Мен сені үшінші не төртінші оқитын шығар десем... Таудай болып өсе бер, қарағым...

Ақ футболка ештеңеге жарамай қалды. Көкесі мен апасы бұл ісі үшін ұрысқан жоқ, қайта құптады. Алмас әлі күнге дейін ерте тұрады. Мәдениет сарайын айнала жүгіріп шынығады.


Мархабат Байғұт

3. Түсініп оқы. Мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

• Мархабат Байғұт – жазушы, аудармашы



Мархабат Байғұт 1945 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Пістелі ауылында туған. Балаларға арнап көптеген әңгімелер жазған. Оның «Шілде», «Интернаттың баласы» және т.б. кітаптары бар.

 4. «Алмастың ағашы» өңгімесін талда.

Өңгіме қалай аталады?
Кейіпкерлерді ата.
Басты кейіпкер кім?



Мәтіндегі ең көңілсіз оқиға не?



Кішкентай Алмас қандай ерлік жасады?
Оның іс-әрекетіне баға бер.



Мәтіндегі Алмастың әкесінің сөзін тап.



Сен Алмастың орнында болсаң,
не істер едің?



Өңгімеден қандай қажетті ақпараттар алдың?
Алмастан не үйрендің?



 Алмастың әкесінің сөзіне мән бер. Оны дәптеріңе жазып ал.

13

Киіктің айласы



Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып,
белгі қоясың.

1. Өлеңді түсініп оқы.

Ақсақ киік

Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ – шөл, ойлы-қырлы панасы бар.
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген
Жәндіктің киік деген баласы бар.
Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.
Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді
Адамның баласынан кем көрмедім.

құралай

ақбөкен

Сәкен Сейфуллин



2. Оқылатын шығармада қандай оқиға туралы айтылатынын болжап, өз ойыңды дәлелде.

3. Мәтінді түсініп оқы.

Киіктің айласы

Әрбір жабайы аң мен жануардың жауларынан сақтанатын қару-құралы немесе айла-тәсілі болады. Қасқырдың қаруы – тіс, қабанның қаруы – азу. Ақбөкен сияқты жануарларда ондай қару жоқ. Олардың сүйенері – аяқтары. Қасқыр қуса, олар қашып құтылады.

Күз айының шуақты бір күні еді. Сәске кезінде бір топ киік өзінің лақтарын ертіп, суатқа келді. Олар жапа-тармағай су іше бастады. Тоғай тасасында бір топ аш қасқыр оларды аңдып, күтіп отырған.

Қасқырлар ауыздарын арандай ашып, киіктерге тап берісті. Дүр етіп үріккен киіктер жоса жөнелді. Ал бір

ақсақ теке олардан дараланып, судың шығыс жағына қарай бөліне қашты. Көп киіктің алыстап кеткенін көрген қасқырлар «бұйырғаны осы болды» дегендей, тұс-тұсынан текеге лап қойды. Теке шоқақтай жортып, қасқырлардан қарасын үзер емес. Таяқ сілтем жерде ғана кетіп барады. Өне жетем, міне жетем деп қуған аш қасқырлар шаршап, талықси бастады. Қасқырлар баяуласа, теке оларға қарап тұра қалады. Аш бөрілер салпақтап тағы қуады. Осы шоқырақпен олар өзеннен жиырма шақырымдай ұзап шықты. Бір уақытта әлгі ақсақ теке орғып бір-екі секірді де, белден асып ғайып болды. Үздік-создық ырсылдай діңкесі құрыған қасқырлар тілдері салақтап, әр жерде шоқиып отырып қалды.

Әлгі теке, шынында, ақсақ емес еді. Өзінің үйірін, буыны қатаймаған лақтарын аман сақтап қалу үшін өтірік ақсап айла етті. Сөйтіп, ол қасқырларды басқа жаққа адастырып әкетті. Киіктің бір текесі он шақты қасқырды осылайша алдап кетті.

Дала жануарларының ішінде ақбөкеннен жүйрігі жоқ. Өздері мейлінше сұлу болады. Қой секілді, олар да шөп жеп қоректенеді. Олардың адамға ешбір залалы жоқ. Киіктің жаңа туған лағын құралай деп атайды. Оны атпайды.

Әуелбек Қоңыратбаев

4. Түсініп оқы, мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

**Әуелбек Қоңыратбаев – ғалым,
әдебиет зерттеушісі**



Әуелбек Қоңыратбаев (1905–1986)
Қызылорда облысында туған. Балаларға арналған «Жеті алып», «Сұр көжек» деген кітаптары бар.



5. Суретті пайдаланып, мәтінді өңгімеле.



6. Мәтінге сүйеніп, байланысу сызықтарын жүргіз.

таяқ сілтем жер
діңкесі құрыған
залалы

шаршаған
жақын
зияны

7. Мәтіннен ақбөкен туралы қандай ақпараттар алдың?

14

Нені үйрендім?



1. Осы бөлімнен оқыған мәтіндердің мына тақырыптарға сай келетіндерін ата.

1. Таза ауа.
2. Тамаша табиғат.
3. Табиғатқа қамқорлық.

жанды табиғат

2. Түсініп оқы және жауап бер. Салыстыра сипаттап айтуға үйрен.

– Сен екі затты салыстырып айта аласың ба?

Оқушылардың арасында мынадай талас болды. Біреуі: «Екі затты салыстыру – олардың қандай ұқсастықтары, қандай айырмашылықтары бар екенін білу», – деді. Екінші біреуі: «Екі затты салыстыру – олардың қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін білу», – деді. Ал үшіншісі: «Екі затты салыстыру дегеніміз – олардағы бірдей белгілерді анықтау», – деді. Төртіншісі: «Екі затты салыстыру – олардағы бөлек белгілерді анықтау», – деді. Оқушылардың қайсысының айтқаны дұрыс деп ойлайсың?

Салыстыру 



3. Суретке қарап, оқыған шығарманы есіңе түсір. Қалай аталады? Авторлар жөнінде әңгімеле.

құстар тіршілігі



табиғат тамашасы

4. Екі шығарманы салыстыру кестесін толтыр.

Мәтін	Құстардың таңғы тіршілігі туралы айтылған өлең жолдары	Күн көзі суреттелген өлең жолдары	Таңғы тіршілік туралы суреттелген өлең жолдары
А. Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру»			
І. Жансүгіров «Күн шыққанда»			

5. Кластерді жалғастыр. Әр тақырыпқа сай келетін мәтіндерді орналастыр.



6. Бөлімдегі құстардың таңғы тіршілігі туралы айтылған шығармалар жұбын ата.

- А. Байтұрсынұлы. «Оқуға шақыру».
- І. Жансүгіров. «Күн шыққанда».
- Б. Соқпақбаев. «Қамқорлық».
- Т. Молдағалиев. «Гүлдер».
- Б. Кірісбайұлы. «Жеміс бағында».
- Б. Соқпақбаев. «Сен ұйықтап жатқанда».

7. Түсініп оқы. Оқыған шығармаларыңдағы қай кейіпкерге осы өлеңді ақыл ретінде айтар едің? Түсіндір.

Шыр-шыр еткен торғайды
Қорғамасаң, болмайды.
Кіп-кішкене торғайлар
Ағаштарды қорғайды.

жемістердің
пайдасы

табиғаттан үйрену

Таспен атып торғайды,
Ұя бұзған оңбайды.
Құс өкпелеп кетеді,
Бақшамызға қонбайды.

Мұзафар Әлімбаев

таза ауаның пайдасы



ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН



15

Жақсы деген немене, жаман деген немене?



Тақырыпты мультфильммен салыстырасың және қажетті мәліметті алып, сызбаға түсіресің.

1. Сабақ тақырыбының қалай аталып тұрғанына мән бер. Осы сұраққа сен қалай жауап берер едің? «Жақсылық пен Жамандық» ертегісін есіңе түсір (2-сыныптың хрестоматиясында берілген).

2. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы. Өр мақалда не туралы айтылған? Негізгі оймен сөйкестендір.

жақсылық

Анаңды Мекке-ге үш қайтара арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың.

жамандық

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

туған жерге сүйіспеншілік
ананы сыйлау
намысшыл
мақтаншақтық
бірлік, ынтымақ


Алтау ала болса,
Ауыздағы кетеді.
Төртеу түгел болса,
Төбедегі келеді.

мақал-мәтелдер

Білемін деп мақтанба,
Сенен де білгіш табылар.

Ерді намыс өлтіреді,
Қоянды қамыс өлтіреді.

3. Мүмкіндігіңе қарай ғаламтордан «Жақсылық пен Жамандық» ертегісі бойынша түсірілген мультфильмді көруіңе болады. Сол мультфильмнен қандай жаман әдеттер мен жақсы қасиеттерді байқадың? Айтып бер.

 4. Жақсы (сары жолақ) мен жаман (қоңыр жолақ) нәрсені айырып жаз.



ашық сұрақтар



жабық сұрақтар



5. Сұрақтардың әрқайсысына 5 мақалмен ауызша жауап бер.

1. «Жақсы деген немене?»
2. «Жаман деген немене?»

16 Жақсылық жасау – борышың

 Сурет бойынша мәтінді өңгімелей аласың. 



1. Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесің? Отбасы, табиғат, мектеп үшін қандай жақсылық жасай алатыныңды тізіп жаз.
2. Жақсылыққа жамандық бар ма? Осы сұраққа жауап іздей отырып оқы.

Баланың айласы

Бір ғалым адам жапан далада келе жатып, аяқ астындағы бір үлкен тасқа сүрініп жығылыпты. «Бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын» деп ойлады. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан сандық шықты. Сандықты ашып еді, ішінен бір жылан

шығып, ғалымға ұмтылды: «Шағамын», – деді. Ғалым айтты: «Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқындықтан жарыққа шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?»


Жылан айтты: «Бар». Ғалым айтты: «Олай болса, біреуге жүгінелік, төре саған тисе, шағарсың». Жылан да бұл сөзге тоқтады.

Екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді, түйе айтты: «Жақсылыққа жамандық бар, не үшін десеңіз, мен адамның қанша ауыр жүгін, мүлкін тасып, өзімше қызмет етсем де, адам қай уақытта да шамамнан тысқары жүк артады, жүре алмасам, ұрып-соғып ренжітеді». Жылан мұны естіп, ғалымның мойнына бір оралды.

Мұнан шығып, жеміс ағашына келіп жүгінді. Жеміс ағашы: «Жақсылыққа жамандық бар, не үшін десеңіз, менің жемісіммен қанша адам күн көріп, пайдаланып тұрса да, жемісімді қолымен алмай, түбімнен қатты ұрып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді». Жылан ғалымның мойнына тағы бір оралды.

Одан кейін итке жолығады. Ит те айтты: «Жақсылыққа жамандық бар, мен күні-түні ұйықтамай, иемнің мүлкін, малын бағып қызмет қылып едім, ақырында мен қартайып, ауру болған соң, ұрып, қуып жіберді».

жақсылық жасау



Ғалым айтты: «Енді тағы біреуге жүгінелік, төре тағы саған тисе, шаға бер». Содан шығып, ойнап жүрген бір топ балаға келді. Ішінде бір бала ғалымға сәлем берді. Ғалым сәлемін алып, сол балаға істің жайын айтты. Бала естіп болып:

– Әй, ата, бекер сөйлейсің, осы қолыңдағы кіп-кішкентай қобдишаға мойныңа үш оралған әйдік жылан сыюшы ма еді? – дейді. Сонда жылан айтты: «Бұл сөз рас», – деп. Бала: «Тіптен нанбаймын, бұл сөзге көзбен көрмей, кісі нанып болмайды», – деді. Сонда жылан баланы нандыру үшін барды да, иіріліп манағы қобдишаға кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп, сандықты жауып, бекітті де, ғалымның қолына берді: «Апарып, алған орныңызға қойыңыз», – деді.

Ыбырай Алтынсарин



Төре (төрелік) – бұл жерде: шешім.

Әйдік – үлкен.

Жүгінді – бағынды, айтқанына көнді.

3. Түсініп оқы. Әңгіменің авторы туралы әңгімеле.

Ыбырай Алтынсарин – жазушы, ақын, ағартушы ұстаз




Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданында дүниеге келген. Оның «Кел, балалар, оқылық», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдері балаларды оқуға, білімге шақырады. Балаларға арнап әңгімелер, өлеңдер жазған.



4. Мәтін бойынша берілген суретке қарап, әңгімеле.

- «Жақсылыққа жамандық бар ма?» дегенді қалай түсінесің? Бұл сұраққа мәтін кейіпкерлері қалай жауап берген?

 5. «Менің ойымша ... , өйткені ...», «Менің айтайын дегенім ... , себебі ...», «Өз пікірімді айтар болсам ... , оған дәлел ...» деген сөз тіркестерін қолдану арқылы өз пікіріңді білдір.

• Қалай ойлайсың, жақсылық жасасаң, ол өзіңе жамандық болып қайта ма?



6. Мақалдың мағынасын мысал келтіру арқылы түсіндір.

Жақсыға қылған жақсылық
Өміріңде тозбайды,
Жаманға қылған жақсылық
Бір күнгідей болмайды.

жақсылыққа жақсылық

жақсылыққа жамандық

7. Мәтіндегі баланың іс-әрекетіне баға бер.

17

Жақсыдан үйрен



Мәтіннен негізгі ойды білдіретін
тірек сөздерді таба аласың.



1. Берілген тірек сөздердің кімге қатысты айтылғанын тап. Осы қатарды тағы қандай сөздермен толықтырар едің?

Қостанай өңірі

«Қазақ хрестоматиясы»

ұстаз

ағартушы

2. Мәтінді түсініп оқы.

Малды пайдаға жарату

Бір үйші жұмысымен көп мал тауып тұрса да, сонша азбен қанағат етіп, аз жұмсап тұрады екен. Бір күні көршісі сұрады:

– Осы сен бай бола тұрып, малыңды қай жаққа жібересің? Көзге түсетін еш нәрсең көрінбейді, – деді.

Үйші айтты:

– Тапқан малымның бір бөлігімен борышымды өтеймін, бір бөлігін өсімге беремін.

Көрші:

– Қойшы, батыр, сенің борышың бар ма еді және өсімге қанша ақша беруші едің? – деді.

Үйші:

– Қарт әке-шешеме берген ақшаларымды өтеп тұрған борышым деп білемін. Өзімнен туған балаларды оқытуға, асырауға шығарған малымды өсімге берген мал деп білемін. Балалар адам болып, біз қартайғанда жақсы асыраса, олардың борышымды өтегені емес пе?! – деді.

қанағат

өсім

борыш

Ыбырай Алтынсарин



3. Үйшінің бай екенін кімнің сөзінен аңғардыңдар?

4. Ол тапқан малын қайда жұмсайды екен? Төмендегі сызбаны пайдаланып, жауап бер.




5. Сөздердің арасына байланыс сызықтарын жүргіз.

борыш	парыз
өсім	пайыз
	көбею
	міндет

6. Мәтіндегі оқиғаға сенің көзқарасың қандай? Ата-ананың алдындағы борыш дегенді қалай түсінесің?

7. Сызбаны пайдаланып, мәтіндегі тірек сөздерді ата. Осы сөздердің ішіндегі ең бастысы қайсысы деп ойлайсың? Түсіндір.



негізгі ой

18 Адамдық – борышың



Мәтіннен тірек сөздерді
таба аласың.

1. Үлгі бойынша сөйлеуге жаттық. **Борышым** сөзін **парызым**, **міндетім** деп айтып көр.

Ата-ананы қадірлеу –
Отанды қорғау –

менің
борышым

2. Өлеңді түсініп оқы.

Адамдық – борышың

ар

білім

Адамдық – борышың:

Халқыңа еңбек қыл.

Ақжолдан айнымай,

Ар сақта, оны біл.

талап

Талаптан да, білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз

өнер

Болады ақыл тұл.

Шәкәрім Құдайбердіұлы



Тұл – бұл жерде: жеміссіз, өнімсіз.



3. Өлеңге сүйеніп, кестені толтыруды жалғастыр.

Жақсы деген немене?	Жаман деген немене?
ар сақтау	өнерсіз
...	...
...	...

4. Түсініп оқы, өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын, ойшыл, аудармашы



Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) Семей өңірінде туған. Ол өз бетінше оқып, араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгереді. Шәкәрімнің әдеби мұралары қазақ әдебиеті үшін асыл қазына болып есептеледі.



5. Ақын өсиетін жаттап ал.



6. 5 мысал ойластыр.



Сенің борышың не?

19

Абайдың қарасөзі



Топ алдында сөйлеу жобасын ұсынасың.



1. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы тіркестер тауып жаз. Әр бағанға ат қой.

Білімсіз –

Өнерсіз –

Жалқау –

Сараң –

Өтірікші –

Әдепсіз –

залымдық

еріншектік

2. Мәтінді түсініп оқы.

Абайдың отыз сегізінші қарасөзінен

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – **надандық**, екінші – **еріншектік**, үшінші **залымдық** деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына қосылады.





Хисабына – *бұл жерде*: қатарына, есебіне деген мағынада.

3. Абай ата атаған жат қылықтарды санамалап айт. Оларға қандай ортақ ат берер едің?

4. Абай атаның сөзі неліктен осы бөлімде берілген деп ойлайсың? Түсіндіріп көр.

 5. Абай атаның қарасөзін сызбаға түсір.




 6. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы туралы не айтар едің? Жобасын жаса.

Тақырыбы:

Жоспары:

Көрнекіліктер:



 7. Сызбаны пайдаланып Абай Құнанбаевтың өмірі, шығармашылығы туралы бір-біріңе сұрақ қойып, жауап беріңдер.

Бұрыннан білемін	Жаңа мәлімет
	Абайдың 45 қарасөзі бар. Оларда әртүрлі тақырыпта ой қозғалған.

20

Батыр туса – ел ырысы



 Жырдағы көркем бейнелі сөздерді сөйлеуде қолдана аласың. 


1. Түсініп оқы.

Батырлар жыры

Ел-жұрттың арманы – сыртқы жаулардан қорғанып, тыныштықта өмір сүру. Бұл әсіресе ерте кездегі жаугершілік замандарда оңай болмаған. Сондай жағ-



дайда халық ел қорғайтын хас батырларды аңсаған. Олардың батырлық, қаһармандық істерін мадақтап, жырға қосқан. Алғашқыда батырдың бір ерлігі ғана айтылса, кейін басқа жорықтары жалғасып, оқиға тізбегі өрбітілген. Сөйтіп, халық шығармаларының көлемді де көрнекті тағы бір түрі – **батырлар жыры** пайда болған. Жырды өзі шығарып, өзі айтушы адамды **жырау** деп, ал жырды жаттап алып айтушы, таратушы адамды **жыршы** деп атайды.

 2. Түсінгеніңді кестеге қысқаша түсір.

Халық шығармасы	Басты кейіпкері	Не мадақталған?	Көлемі қандай? Неліктен?

жыршы

жырау

3. Түсініп оқы. Жырға сай дауыс ырғағын таңдап ал.

Қобыланды батыр

(Жырдан үзінді)

...Арыстан туған Қобыланды
 Күн шығуға қарамай,
 Ат қоюға ойланды.
 Ата-анасы, ел-жұрты,
 Қара Қыпшақ баласы
 Жатқаннан соң байлауда...
 Қақпаның келіп аузына
 Батыр Қобылан ақырды,
 Нар түйедей бақырды,
 «Алшағыр» деп шақырды:
 «Ау, Алшағыр, Алшағыр!
 Сөзіме құлақ сал, Шағыр!
 Менің атым – Қобыланды.
 Әуелі өзің қалмай шық,
 Алды-артыңды қармай шық,
 Қалдырмастан жалмай шық!
 Арманда қапы қалмай шық!
 Қара қасқа атың міне шық,
 Оқ өтпес тоның кие шық,
 Қарыңа сүңгі іле шық!»...
 Шыдай алмай Алшағыр
 Үстіне сауыт киеді.
 Беліне байлап болатын,
 Қарына найза іледі.
 Алтын тұрман ер салып,
 Енді атына мінеді.
 Қара қасқа тұлпардың
 Құйрығын шарт түйеді.
 Шақырып тұрған батырға
 «Қорықты дер деп бармасам»,
 Алдынан жүре береді...

Батырлар жыры

ерлік

Қобыланды батыр

Жайықтың бойы қамыс-ты,
 Бермейміз деп намысты,
 Екі батыр екпінмен
 Жақындасып қалысты.
 Өшігіп жүрген батырлар
 Бір ауыз сөзге келмей-ақ,
 Шегінісіп екеуі,
 Еменнен найза салысты.
 Итерісіп тұрысты,
 Ат тізесін бүгісті –
 Бүгісе, бүгісе тұрысты,
 Біріне-бірі ұмтылып,
 Тақымдары құрысты,
 Он саусағы қарысты...
 Қанжарменен қармасты,
 Семсерменен серместі,
 Сөйтіп, ойын ойнасты...
 Қанжар қалды қайысып,
 Семсер қалды майысып,
 Ерлерің жаннан түңілді.

елін қорғау

батырлық



От шығады ұртынан,
 Үмітін үзді Алшағыр
 Шәрі, байтақ жұртынан.
 Сол уақыттар болғанда
 Домаланып барып жығылды,
 Қара қасқа аттың сыртынан.



Қыпшақ – қазақ руларының бірі.

Қар (қары) – қолдың білектен жоғары тұсы.

Қарысты – *бұл жерде:* саусақтың иілмей, қозғалмай қалуы.

Сүңгі – найза түрі.

Тақым – адам санының тізеден жоғары ішкі жағы.

Шәрі – қала.



4. Жырға және сұрақ-деректерге сүйеніп, суреттегі батырларды сипатта.



- Суреттегі батырлар кімдер?
- Олардың тұлпарларының аты.
- Киімдері.
- Қару-жарақтары.



5. Елін, жерін қорғаған тағы қандай батырларды білесің?

6. Мақал-мәтелдердің жалғасын тап. Тақырыбын анықта.

Батыр туса – ел ырысы,	...
Болат қайнауда шынығады,	...
Батырды жауда сына,	...
Көз – қорқақ,	...

• Жырдағы көркемсөзді қолданып, батырлардың жекпе-жегі туралы әңгімеле.

21

Том мен Бекки



Мәтіндегі оқиғаны әрі қарай жалғастырып, немен аяқталатынын болжай аласың.

кітап

бұзықтық

сынып

1. Берілген мәліметтен 3 сөйлем құрап айт.

Американдық жазушы Марк Твеннің қызықты оқиғаларға толы «Том Сойердің басынан кешкендері» атты кітабы бар.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Том мен Бекки

мұғалім

Осы мектептің мұғалімі – Доббис мырза. Ол күнде сыныпта отырып, үстелдің тартпасынан бір кітапты алып, оқуға кіріседі. Бұл кітапты ылғи тартпаға салып, кілттеп қояды. Оқушылардың бәрі сол кітапты көргілері

келіп, естері кетеді. Бірақ қолға түспейді. Бұл не кітап? Сыныптағы әр бала өздерінше жорамалдайды, бірақ ол қандай кітап екенін білуге мүмкіндік жоқ.

Міне, Бекки мұғалімнің үстелі жанынан өтіп бара жатып, тартпаның кілті тұрғанын көрді. Мұндай сәті келген істі қалай жіберуге болады?! Ол жан-жағына қарап еді – тірі жан жоқ. Бір минуттан кейін Бекки кітапты қолына ұстап тұрды. Кітаптың аты – «Анатомия», авторы пәлен деген профессор – бұл қызды қызықтырған жоқ. Бірінші бетін аша бастады. Осы кезде біреудің көлеңкесі кітап бетіне түсті. Есіктен Том Сойер еніп келе жатыр екен. Бекки тездетіп кітапты жауып жатқанда, бір беті жыртылып кетті. Ол кітапты жәшікке сұға салып, кілтті бұрады да, өкініш пен ұяттан жылап қоя берді.

– Том Сойер! Сіз бұзықтыққа ғана үйірісіз. Біреудің сыртынан сығалап – не деген оңбағандық!

– Сенің не қарап тұрғаныңды мен қайдан білейін?!

– Ұялсаңызшы, Том Сойер! Сіз, әрине, мені айтып қоясыз. Содан соң мені жазалайды. Мен не істеуім керек?! Не істесем екен?

Қыз өкіріп жылап, бөлмеден шыға жөнелді.

Том оның аяқастынан шабуыл жасағанына таңданып, не істерін білмей тұрып қалды.

Марк Твен

Орыс тілінен аударған Ф. Оңғарсынова

3. Өңгімедегі оқиға қалай жалғасуы мүмкін? Болжап айт.

4. Кейіпкеріміз Том Сойердің пікірін де тыңда. Оның ойынша оқиға былайша жалғасады:

«Қыздар деген не деген ақымақ халық. Оларды мектепте ешқашан жазалаған емес. Әрине, мен бұл ақымақ қыз жайлы Доббиске ештеңе де айтпаймын. Менің ойымша, Доббис «кітабымды кім жыртыты» деп сұрайды. Ешкім үндемейді. Сонда ол әдеттегідей ке-

зекпен бәрінен сұрайды. Әуелі бірінші, сосын екінші, ақыры кінәлінің өзіне келгенде, мұғалім бірден біледі. Қыз ештеңе айтпаса да, біліп қояды. Қыздардың бетінде бәрі жазулы тұрады – оларда сабырлылық деген жоқ. Сосын оны жазалайтын шығар. Қайтеміз, әркімнің ісіне қарай! Егер осындай тұзаққа мен түсе қалсам, ол қыз қуанар еді. Енді менің терімді өзі жамылып көрсін!»

Марк Твен

Орыс тілінен аударған Ф. Оңғарсынова

5. Мәтіннен «*Менің орнымда болып көрсін*» деген мағынада айтылған тіркесті тап. Есіңе сақта.

6. Сен Томның қыз балалар туралы пікірімен келісесің бе? Пікіріңді білдір.



7. Ал Беккиге қандай кеңес берер едің?

22

Нағыз достық



Кейіпкердің мінез-құлқының өзгеру себебіне дәлелдер келтіре аласың.



1. Қанатты сөзді оқы. Негізгі ойды анықта. Осыған ұқсас қандай мақал-мәтелдер білесің?

Нағыз дос сен қателік жіберген кезде жаныңнан табылады.

қанатты сөз

Марк Твен

Қанатты сөздер мақал-мәтелдерге ұқсас. Ол терең ойға құрылған көлемі шағын нақыл сөздерге жатады. Қанатты сөздердің авторы белгілі болады.


2. Кестені толтыр.

Нақыл сөздер	Ұқсастығы	Айырмашылығы
Мақал-мәтелдер		
Қанатты сөздер		

3. Марк Твеннің қандай әңгімесін оқып едің? Есіңе түсір. Оқиганы жазушы қалай аяқтағанына мән беріп оқы.

Батылдық

батылдық

Бір сағат өтті. Жаттауды оқыған оқушылардың гуілінен сыныптағы ауа біртүрлі ұйқы келтіреді. Доббис мырза үстелдің жәшігін ашты да, кітапқа қолын созды. Алсам ба, алмасам ба дегендей кідірді. Балалардың көбі оның бұл қимылына жай ғана қарады. Ал олардың ішінде екеуі шыдамсыздана күтті. Доббис мырза әуелі кітапты сипады. Сонан соң қолына алып, орындыққа дұрыстап отырды да, оқуға кірісті. Том Беккиге қарап қойды. Ұсқыны жоқ, мергеннің көздеуіне іліккен үркек қоянға ұқсап, әрең отыр. Том сол бойда онымен керісіп қалғанын ұмытып кетті. Тезірек көмек беру керек!

Жағдайдың қиындығы сол – бір нәрсені ойлап табатын уақыт жоқ. Тамаша! Керемет ой келді. Ол жүгіріп барып, кітапты алып, есіктен шығып кетеді. Бірақ сәл-пәл ойланып қалды және оңтайлы сәт өтіп кетті: мұғалім кітапты ашып үлгерді. Сәл ертерек қимылдап, сол сәтті ұтымды пайдаланса ғой!

Үнсіз сәл үзіліс. Сол сәл үзілістің ұзақтығы сондай, тіпті онға дейін санап үлгеруге болады. Мұғалім ашуға булығып, ақыры:

– Кім мына кітапты жыртқан? – деп сұрады. Бір дыбыс жоқ. Түйреуіштің түсіп кеткенін де естуге бо-

латын. Бәрі үнсіз. Мұғалім кінәліні іздеп, әр баланың жүзіне көзін қадады.

– Бенджамин Роджерс, сен бе кітапты жыртқан?

Жоқ, ол емес. Тағы тыныштық.

– Джозеф Гарпер, сен бе?

Жоқ, ол да емес. Мұғалім балалардың қатарын қарап болып, қыздар жаққа бұрылды.

– Эмми Лоуренс?

Қыз басын шайқады.

– Грейси Миллер?

Ол да солай.


Ендігі кезекте Бекки Тэчер. Томның қол-аяғы бірдей дірілдеп кетті. Жағдай өте қиын еді.

Дәл осы сәтте Томның басына найзағайдай жарқ етіп, бір ой келе қалды. Ол орнынан атып тұрып:

– Мұны жасаған мен! – деп айқайлап жіберді. Том бір минуттай тұрды да, шашылған ойларын жинап, жазаны қабылдау үшін алға шықты. Беккидің көзіндегі таңдану, алғыс оған берілген марапаттай еді.

Марк Твен

Орыс тілінен аударған Ф. Оңғарсынова

 4. Суреттер мәтіндегі қандай оқиғаларға сәйкес келеді? Мәтіннен сол жолдарды тауып, қайталап оқы.



НАҒЫЗ ДОСТЫҚ

АЛҒЫС



дәлел келтіру



5. Доббис мырза Томды қалай жазалауы мүмкін? Болжа.



6. Мәтін қалай аталып тұр? Бұл атау қай кейіпкерге қатысты айтылған? Түсіндір. Осы сөздің мағынасын ашатындай екі оқиға ойластырып айт.

- Беккидің іс-әрекетіне деген Томның бастапқы ойы қандай еді? Ол неліктен пікірін өзгертті деп ойлайсың? Томның іс-әрекетіне баға бер.

23

Ата сөзі – алтын сөз



Бата сөздің белгілерін білесің.



1. Түсініп оқы.

Бата – жақсы тілек білдіру. Ол – ұлттық дәстүр. Батаны көбіне құрметті ақсақалдар, атақты адамдар береді. Тілек ретінде балалар да жаттап алады.

2. «Баталар жарысы» ойыны. Бұл ойында кім көп бата білетіні анықталады.

3. Түсініп оқы.

Алтын сөз

Сәулелі сөз сөне ме?!
Орны бөлек батаның.
Бізге тәлім, өнеге –
Ақ тілеуі атаның.

бата

Мән беріп, ден қойғанда,
Терең ойға батасың.
Шілдеhana, тойларда
Береді атам батасын.

Әр сөзінің ақырын
Жақсылыққа тіреді,
Қадап айтып ақылын,
Көпке бақыт тілейді.

Кім сүймейді атасын,
Асқар таудай көрінген.
Бөбекке айтар батасын,
Жаттап алған едім мен:

алтын сөз

«Жүйрік тілді ақын бол,
Жақсыларға жақын бол!
Достарыңмен тату бол,
Дұшпаныңа қату бол!

Ұсақ болма, ірі бол,
Өз ортаңның гүлі бол!
Ата-анаңның көзінің
Сөнбейтұғын нұры бол!

Ата сөзі

Кім болсаң да, әйтеуір,
Азаматтың бірі бол,
Туған елдің ұлы бол!»
Ойға тоқы, парқын сез,
Ата сөзі – алтын сөз!

Несінбек Айтұлы



4. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Несіпбек Айтұлы – балалар ақыны



Несіпбек Айтұлы 1950 жылы Тарбағатай аймағында туған. «Бөрітостаған», «Күміс күйме» және т.б. өлеңдер жинағы мен ертегілері бар.

5. Ақынның *алтын сөз* деп отырғаны не? Батаға қатысты қандай нақыл сөз білесің?

6. Батаны қандай бала алады? Бата алатындай үш оқиға ойластыр.

24 Ғаламтор туралы ойларым

Кейіпкердің іс-әрекетіне баға бере аласың.

1. Суреттер туралы не айтасың?



2. Мәтінді түсініп оқы.

Аман мен телефон

Асан ағайдың Аман деген баласы бесінші сыныпта оқиды. Оның бір жаман әдеті – мектептен үйге келген бойда телефонның құлағына тыныштық бермейді. Өзі секіріп ойнап тоздырған орынжайға жатып алып, Досан досымен ұзақ сөйлеседі. Міне, ол:

– Аллооо! Досан! Есебіңді шығардың ба? – деп, орынжайға шалқасынан жатып алып, таңқыш танауын аспанға көтерді.

– Есепті шығардым, оны сенің дәптеріңе көшіріп қойдым, – деп, Досан мақтанып, маңғаздана жауап берді.

Аманның ағасы Ақай інісінің кесірленіп жатқанын көріп қалып:

– Телефонмен жатып алып сөйлескенің – әдепсіздік қой, – деп кейіді.



– Көке, кедергі жасамаңыз! – деп, Аманның көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Үйге берілген тапсырманы Досанға орындатқаның – жалқаулық қой, балам, – деп, Анар ана қабағын түйді.

– Мен жалқау емеспін! – деп, Аман қолын бір сілкіп, телефон тұтқасына жармаса түсті.

– Аллооо! Аллоооо! Досан, мен әлгі, білесің ғой... Иә, сол қызбен ұрсысып қалдым... Қойшы, ей...

Аманның телефондағы «жыры» таусылмады. Сөйтіп, ол уақытты ұтымды пайдалану туралы өзі түзген күн тәртібін ұмытып кетті. Келесі күнгі сабақтан зорға дегенде «үштік» арқалап қайтты.

– Телефонның кесірінен оқудағы үлгерімің бір жақсармай қойды, – деп, Асан ағай кейіп жүр.

Ал Аман кейімейді. Өйткені онда әдеп пен намыс жоқ. Әдепсіз, намыссыз бала әке-шешенің тілін алмай, оларды ренжітіп, өзіне бақытсыздық әкеледі.

Әдібай Табылды



Орынжай – бұл жерде: диван.

3. Мәтіннің соңғы азат жолын қайталап оқы. Жазушымен келісесің бе? Түсіндір.

4. Түсініп оқы. Мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

• **Әдібай Табылды – ақын, жазушы, аудармашы**



Әдібай Табылды 1926 жылы Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Жаңатұрмыс ауылында туған. Балаларға арналған «Бөбекке сөз», «Қайырлы таң, балалар» және т.б. жинақтары бар.



5. Өлеңді тыңда.

Ғаламтор туралы

Ғаламторға кіремін,
О, аралап жүремін!
Мейлі, белім ауырсын,
Солсын, мейлі, реңім.

телефон

Мұндай қызық сәттерде
Жан серігім – тақ перне.
Ұстамаймын кітапты,
Керек емес дәптер де.

Сабақты да қоямын,
Тамақты да қоямын.
Сөз-сусынды ішемін,
Сурет-нанға тоямын.

пайдасы мен зияны


Ғаламторда жүремін,
Қызық өмір сүремін.
Көзім, мейлі, шаршасын,
Мейлі, ауырсын жүрегім.


Тыңдамаймын анамды,
Тыңдамаймын ағамды.
Тәртібімде ісім жоқ,
Түзетпеймін бағамды.

ғаламтор


Барлығыңды таң қылып,
Жүре берем қаңғырып,
...Уақытым жоқ, қоштасып
Қоюға да мәңгілік.

Ертай Ашықбаев

 6. Екі мәтіннің ұқсастығы неде? Айырмашылығы қандай? Салыстырып жаз.

 7. Мәтіндерден өзіңе қандай сабақ алдың? Аманға қандай кеңес бересің? Ноутбукке қарап отырған балаға ше?



 8. Ұялы телефонның пайдасы мен зиянына қатысты өз пікіріңді дәлелде.

I топ. Ұялы телефонның зияны көп.

Дәлелдер:

1. Оқудағы үлгерімің төмендейді.
2. ...
3. ...

II топ. Ұялы телефонның пайдасы зор.

Дәлелдер:

1. ...
2. ...
3. ...

III топ. Қорытынды пікір.

25

Білім керек бәріне



Өлеңді мәнерлеп, жатқа оқи
аласың.

1. Мақалды түсіндір.

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.



2. Өлеңді тыңда.

Білім керек бәріне

Корабльді басқарып,
Көк жүзіне самғасам.
Тауды бұзып, тас жарып,
Мұхиттарды жалғасам.

оқусыз

Тандандырар бар елді
Ғажап үйлер сала алсам.
Жасартатын әжемді
Дәрі де ойлап таба алсам...

білімсіз

Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Фарица Оңғарсынова

3. Өлеңге сүйеніп, «Адамға білім не үшін керек?» деген сұраққа жауап беріп көр.

4. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы түсінгеніңді айт.

Фариза Оңғарсынова – ақын, аудармашы



Фариза Оңғарсынова (1939–2014)
Атырау облысы Исатай ауданы Манаш ауылында туған. Көптеген жыр жинақтардың авторы. «Үйім – менің Отаным» және т.б. жыр жинағы балаларға арналған.

5. Өлеңді түсініп оқы.

Білім

Білім деген байлық бар,	Өртіңе ол күймейді,
Еш байлық оған жетпейді.	Ұрылар да тимейді.
Жасыңда оқып, жиып ал,	Жатып ішер жамбастап,
Тепкілесек, кетпейді.	Жалқауды ол сүймейді.

Өтебай Тұрманжанов

6. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы түсінгеніңді айт.

Өтебай Тұрманжанов – балалар жазушысы, аудармашы




Өтебай Тұрманжанов (1905–1978)
Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Балаларға арналған «Қарлығаш», «Жауқазын» және т.б. жыр жинақтары бар.

7. Өлеңді жаттап ал.

«Білім керек бәріне»

«Білім деген – байлық»

 **8. Білім сөзін қай бағанға жазасың? Ойыңды түсіндір. Әр бағанға 5 сөзден жаз.**

Жарық	Қараңғы
...	...

26

Қазақ деген халықтың баласымын



Өлең құрастыра аласың.



1. Суреттегі ит, жылқы, бүркіт және т.б. қатысты қандай қазақтың салт-дәстүрлерін білесің? Әңгімеңді сабақ тақырыбымен байланыстыр.



«Той». Манат Қаспақ.



2. Өлеңді тыңда.

Қазақ деген халықтың баласымын

Қазақ деген халықтың баласымын,
Баласына беретін бар асылың.
Мінін көрсе, қиналып інісінің,
Тілін алып өсетін ағасының.

мақтан ету

Қазақ деген халықтың баласымын,
Жағасынан алмайтын данасының.
Айтқанынан шықпайтын әкесінің,
Бір сөзін де жықпайтын анасының.

салт-дәстүр

Қазақ деген халықтың баласымын,
Ағы менен көзінің қарасымын.
Халқын мақтан ететін әр жерлерде,
Салтын сақтап жүретін бабасының.

Қазақ деген халықтың баласымын,
Алда талай алынар бар асуым.
Арман жолы жүрерім, бақыт жолы,
Мүмкін емес сол жолда адасуым,
Қазақ деген халықтың баласымын!

үлгі тұту

Тұманбай Молдағалиев

3. Өлеңді мәнерлеп оқы.

4. Өлеңде қайталанып тұрған жолдарға мән бер. Неліктен деп ойлайсың?

5. Өлеңді жаттап ал.



6. Ақынға ілесе өзің де өлең құрастырып көр.



Қазақ деген халықтың баласымын...

27

Нені үйрендім?



Жазба жұмысы



- Өзіңді шетелдік танысыңа таныстыру мәтінін құрастырып жаз.

Тақырыбы: Қазақ деген халықтың баласымын.

Жоспары:

1. Менің Отаным – Қазақстан.
2. Қазақ деген халқым бар.
3. Осы елдің әдепті ұрпағымын.

Қазақстан

- Жазба жұмысында пайдалануыңа болады.

Кең-байтақ республика,
табиғаты бай өлке, қазба байлық

Дала даналары, өнер, салт-дәстүр

Т. Молдағалиевтің
«Қазақ деген халықтың баласымын»
өлеңіндегі ақын ойы

қазақ халқы

әдепті ұрпақ

УАҚЫТ



28

Жыл санау



Сұрақ қоя аласың және жауабын білесің.


1. Мәтінді оқы.

Жыл басы (Ертегі)

Қазақтың есептерінде жылдан үлкен мүшел дегендер бар. Мүшел – он екі жыл болады. Сол жылдардың аттары әр хайуанның аттарына ұқсайды. Мысалы: әуелі жыл мүшелде – тышқан, екінші – сиыр, онан соң – барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит және доңыз. Сол жылдарды білетін қазақтарға кісінің қай жылда туғанын айтса, адамның жасын тауып береді.

Бұрынғыдан қалған сөздер бойынша сол хайуандар жыл басы болуға дауласыпты. Сонда жылқы айтыпты: «Мен адам үстіме мінсе, алысын жақын етемін, менің күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі, адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын», – дейді. Түйе айтты: «Сен адамның жұмысын жасайсың, арпа, сұлы, шөп асайсың, тамағың үшін құл болдың. Міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айлық алыс жолдарға барамын. Аш болдым деп арпа, сұлы сұрамаймын, көде болса көде, жусан болса жусан, не кез келсе соны қорек етіп, табылса су ішіп, табылмаса шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық», – дейді.

Сиыр айтты: «Адам егін ексе, меніменен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май алады», – деп.



Қой айтады: «Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді? Жүнімді алып киіз істейді, жабағымменен киіз тігеді, арқан-жіп еседі, сүтімнен құрт-май алады», – дейді.

Ит айтты: «Мен болмасам, сендердің көбіңді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Сендердің баршаларыңның мен бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап иеме хабар беремін».

Тауық айтты: «Мен болмасам, кісі ерте тұрып жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен таңертең тұрып шақырып, хабар айтамын «таң атты» деп. Көп отырса, «жұмысыңнан қаларсың, жатар уақыт болды» деп, түн ортасында шақырамын, кеш болса, тағы шақырамын, «мезгіл болды» деп», – дейді.


Тышқан не айтарын білмей тұрды да, бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтты: «Бұл таласқанмен ешнәрсе өнбес, күнді қарап тұралық та, кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын», – дейді.

Түйе өзінің бойына сеніп, «менен бұрын кім көреді» деп, тышқанның сөзін қостап, бәрі қарап тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің үстіне шығып, өркешінің басына мініп отырады. Мұнан соң күнді бәрінен бұрын тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болған екен.

«Түйе бойына сеніп жылдан құр қалды» деген сөз осыдан қалған.

«Бабалар сөзі». Жүз томдық, 73-том

2. Жыл он екі айдың қазақша атауларын ата.



3. Мәтіннің негізгі ойына сай келетін нақыл сөздер ойластыр.

4. Мәтінге сүйеніп, әр жылды сипаттап айт.



5. Бөлімнің қалай аталып тұрғанына зер сал. Төмендегі сөздер қатарын толықтыр және түсіндір.

Жыл, ай, күн ...



6. Ертегі бойынша 5–6 сұрақ құрастырып, жауап беріңдер.

29

Жас уақытта көңіл – гүл



Сөйлегенде нақыл сөздерді
қолданасың.



1. Суреттерге қарап, нақыл сөздер құрастырайық және түсіндірейік.



Талапсыз бала – ...

Талапты бала – ...



2. Абай атаны тыңдайық. Жас кезде неге көңіл бөлу керек дейді?

Ғылымға көңіл бөлсеңіз

Болмасаң да, ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

ҒЫЛЫМ

жас уақыт

Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,

Біреу білмес, сен білсең,
 Білгеніңнің бөрі – тұл.
 Сөзіне қарай кісіні ал,
 Кісіге қарап сөз алма...
 Тез үйреніп, тез жойма,
 Жас уақытта көңіл – гүл.

Абай Құнанбаев



3. Ақын ойын қалай түсінесің?

«Дүние де өзі, мал да өзі,
 Ғылымға көңіл бөлсеңіз...»

4. Бүгін Сәуле тағы да өлеңді жаттамай келді. Не істеуі керек? Мұғалім басқа балалардан сұрағанша, өлеңнің бір шумағын ғана жаттап үлгерді-ау, әйтеуір. Сәуле өзінің тапқырлығына мәз болды: бұл жолы да «екілік» алудан аман қалды. Сәуленің іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Абай ата Сәулеге не дер еді? Өлеңді пайдаланып, жауап бер.



5. Суреттерге қарап, гүлді баптаудың маңызын айт. Суреттермен байланыстырып жас кезде алған білімнің пайдасы туралы айтып, ойыңды өрбіт.



6. Өлеңнен Абай атаның өсиет, нақыл сөздерін теріп жазып, жаттап ал.

1. Болмасаң да, ұқсап бақ,
 Бір ғалымды көрсеңіз.
2. ...
3. ...
4. ...
5. ...



Қарасөз мәтініндегі көркем ойды айта аласың.



1. Түсініп оқы. Мақал-мәтелдерге сүйеніп, күз мезгілінің басты белгілерін ата.

1. Нөсер алдында найзағай ойнайды.
2. Жемісі көп ағаштың бұтағы төмен.
3. Көктемде түскен бір дән,
Күзде мың дән болады.

ауыл күзі

2. Мәтінді түсініп оқы.

Күз

Міне, күз келді. Анда-санда таңертең салқын болып қояды. Аспанда бұлттар қаптап, сіркіреп жаңбыр да жауып тұр. Маса, шыбын, құрт-құмырсқа жоқ болып кетті. Құстар жылы жаққа ұша бастады. Қарлығаштар көптен көрінбеді. Аспанда тырналар да тізіліп ұшып барады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып түсіп, шөптер де қурап қалған. Егіншілер астығын жинап алыпты.

күз

Міржақып Дулатов



3. Түсініп оқы. Мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

Міржақып Дулатов – ақын, жазушы



Міржақып Дулатов (1885–1935)
 Қостанай облысы Жангелдин ауданында туған. «Оян, қазақ!» деп ұрандап, халықты оқу-білімге шақырған.

4. Мәтінге сүйеніп, сызбаны толтыр. Күз мезгілі туралы әңгімеле.

	Күзгі жаңбыр	Жәндіктер	Құстар	Ағаш	Күзгі еңбек
Күз					

5. «Күз» тақырыбына өлең құрастыр.

31

Ауыл күзі



Өлеңнің басты сипаттарын білесің және көркемсөзді қолданасың.

1. Оқып, түсінгеніңді айт.

Қарасөз мәтініндегі көркем ой өлең арқылы да беріледі. Бірақ өлеңді қарасөз оқығандай ырғақпен оқымаймыз. Себебі өлең шумақтардан тұрады және ұйқасқа құрылады. Соған сай ырғақ таңдалады.

2. Өлеңді тыңда. Өлең ырғағына мән бер. Мәнерлеп оқуға жаттық.

Ауыл күзі

Көтеріле аспандай,
Көкте сұрша бұлт көшіп.
Жерге інжу шашқандай,
Күміс моншақ шық түсіп.

өлең

Қайың, терек басынан
Сарғылт тартып жапырақ.
Жерге түсіп шашылған,
Жел үрсе тек қалтырап.

ұйқас

Бұтақты бүге балбырап,
Көз тартады, көріңіз.
Алма піскен албырап,
Маужырап барқыт қоңыр күз.

Беті қызыл алмадай
Балалары ойнаған.
Анасындай аймалай,
Мектеп тұр қол бұлғаған.

шумақ



Майға бөгіп мамырлап,
Мал қаптаған даланы.
Қызған еңбек дабылдап,
Қырманның тегіс алабы.

Кемедей кешіп комбайн
Алтын дария егінді,
Сүзіп жүр маржан бидайын,
Күзіміз неткен көңілді!



Тайыр Жароков

Теңеу де бейнелі сөзге жатады. Оның эпитеттен айырмашылығы бар. Теңеу көбіне **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнақтары немесе **бейне, тәрізді, сияқты** деген сөздер арқылы жасалады.

3. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.


Тайыр Жароков – ақын, аудармашы



Тайыр Жароков (1908–1965) қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жетібай ауылында туған. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Балаларға арналған «Күн тіл қатты», «Теңіз баласы» және т.б. жыр жинақтары бар.

4. Өлеңнен көркемсөзді теріп жаз. Эпитет немесе теңеу екенін анықта.

Мәтіндегі сөздер мен сөз тіркесі	Эпитет	Теңеу
Маржан бидай		+

 5. Кестені толтыр.

Мақал-мәтелдер	Осы ойға сәйкес келетін өлең шумағы
1. Нөсер алдында найзағай ойнайды.	Көтеріле аспандай, Көкте сұрша бұлт көшіп, Жерге інжу шашқандай Күміс моншақ шық түсіп.
2. Жемісі көп ағаштың бұтағы төмен.	...
3. Көктемде түскен бір дән, Күзде мың дән болады.	...

6. Сен осы мәтіндер бойынша қандай сурет салар едің? Ашық түсті бояулар қай мәтінге сәйкес келеді деп ойлайсың? Күңгірт түсті ше? Неліктен?

7. Екі мәтінді салыстыр. Ұқсастығы неде? Айырмашылығы ше?



8. «Жұмбақ жеміс» ойыны. Топқа бөлініп, бір топ екінші топқа жұмбақ жемістің сипатын айтады. Қарсы топ оның атауын табуы тиіс.



• Берілген сызбаға сай «Күз» тақырыбына өлең құрастырып көр.

Өлең жолдары	Ұйқас
... күркіреп,	<input type="checkbox"/>
... сіркіреп.	<input type="checkbox"/>
... албырап,	<input type="radio"/>
... дамылдап.	<input type="radio"/>

32

Қысқы кеш суреттері



Өлеңнің басты сипатын білесің,
көркемсөзді табасың.

1. Жұмбақтардың шешуін тап. Бұл қай жыл мезгіліне қатысты айтылған сөздер? Осы мезгілді сипаттайтын тағы 5 сөз ойластыр.



1. Қыста бар да, жазда жоқ.
2. Құлағы мен көзі жоқ,
Жоқ тіпті қол мен аяғы.
Бірақ ғажап өнерпаз,
Мәнерлеп ою ояды.
3. Көлге жапқан қақпақ
Сіресіп тұр –
Қатты-ақ.
4. Қанаты жоқ – ұшады.
Аяғы жоқ – желеді.
Аузы жоқ – ұлиды.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Қысқы кеш

Қара боран көкті жапты,
Қарлы құйын қуалай.
Кейде ұлыған аң сияқты,
Кейде жылайды баладай.

Төбесінен үйдің тозған
Сылдырайды сабаны,
Жолаушыдай кешеу қалған
Терезені қағады.

ҚЫСҚЫ КЕШ

ҚЫСҚЫ БОРАН

Біздің лашық тозған баяу
Күңгірт әрі көңілсіз,
Терезеде, кемпірім-ау,
Неге отырсың түк үнсіз?

Әлде боран сыңсуымен,
Достым, қажып біттің бе?
Әлде иірілген ұршығыңмен
Бірге қалғып кеттің бе?

Ән шырқашы тұрған құстай
Теңіздің арғы бетінде.
Ән шырқашы сұлу қыздай
Судан шыққан ертеңгі.

Қара боран көкті жапты,
Қарлы құйын қуалай.
Кейде ұлыған аң сияқты,
Кейде жылайды баладай.



*Александр Пушкин
Аударған Тайыр Жароков*

3. Өлеңді қайталап оқып, боранға қатысты сөздерді тап, дауыстап айт. Ақын суреттеген қысқы боран нені елестетеді?

4. Мәтінді сызба бойынша талда.

Шығарманың түрі	Авторы	Аударған
↓	↓	↓
Негізгі ойы	Шумақ саны	Ұйқастың сызбасы
↓	↓	↓



5. Қыс мезгілін суреттейтін көркемсөздерден кластер құрастыр.

33

Қысқы кеш



Мәтінді бөліктерге бөліп оқып,
ат қоясың.

1. Мәтінді бөліктерге бөліп оқып, ат қой.

өлең

Қысқы кеш

қарасөз

Ішін тарта, сұрлана боран соғып тұр. Кейбір үйдің терезесінен, кей үйдің маңдайшасынан жылтырап көрінген электр шамы болмаса, ауыл ақ қар жамылып, түн құшағына бұғып, мүлгіп қапты. Түтеген бораннан қыбырлаған жан, қарайған бұта көрінбейді. Жалғыз-ақ ысқырынған желден үркіп, жаяу борасын үйден-үй, төмпешіктен-төмпешік қуып, жыландай сумаң қағып, дамылсыз аралап жүр. Кейде ол қақпаға үйіріле соғып, сәл толастап кідіреді, кейде құтырынып, ақ шаңын көкке будақтатып, екінші тұстан бұрқ етеді де, күшейген желден бел алып, қайтадан сумаңдай әр үйдің әйнегін тырс-тырс қағады.

Осындай көңілсіз деген түннің өзінде сырттай мүлгіген ауыл іштей қазанша қайнайды. Сіз терезесінен жарық жылтыраған әр үйден алуан кәсіппен шұғылданған әрқилы адамды көресіз... Солардың бәріне батыс жақ шеттегі электрстансысы қуат жеткізіп, денедегі барлық мүшелерге бірдей мүлтіксіз қан құйған күшті жүректей моторы тынымсыз соғады...

Мұқан Иманжанов

2. «Қысқы кеш» өлеңінің алғашқы 2 шумағын қайталап оқы. Осы жолдардағы көркем ойға сәйкес келетін қарасөзді мәтін бөлігін тап.

3. Түсініп оқы. Мәтіннің авторы туралы әңгімеле.

Мұқан Иманжанов – балалар жазушысы



Мұқан Иманжанов (1916–1958) Қарағанды облысы Жезді ауданында туған. Балаларға арналған «Алғашқы айлар» повесі мен «Шаңғышылар» деген өңгімелер жинағы бар.

4. «Қысқы кеш» деген бір атаумен берілген екі шығарманы салыстыр. Қай шығарма бұрынырақ жазылған? Оны неден аңғардың?

Мәтіндерде қысқы боран адам кейпінде суреттелген. Осындай табиғат құбылыстарын адам кейпіне келтіріп суреттеуді **кейіптеу** деп атайды.

5. Мәтіндерге сүйеніп, боранға қатысты кейіптеулерді тауып жаз.

Кейіпкер	Кейіптеу сөз
	аралап жүр
	...
	...


6. Сызбада берілген шығармаларды салыстыр.

Мәтіндер	Мәтін түрі	Тақырыбы	Авторлардың көңіл күйі	Ұқсастығы	Айырмашылығы
А. Пушкин «Қысқы кеш»					
М. Иманжанов «Қысқы кеш»					

- Мәтіндерді пайдаланып, 5 жолдан тұратын өлең құрастыр. Тақырыбы: «Боран».

34 Түскі тамақ – күшті тамақ

Мәтіннен негізгі ойды білдіріп
тұрған сөйлемді табасың.

-  1. Тағам түрлеріне зер сал. Осы тағамдарды берілген нақыл сөздерге қарай топтастыр. Түсіндір.



таңғы ас

түскі тамақ

кешкі ас

1. Таңғы асты тастама.
2. Түскі тамақ – күшті тамақ.
3. Кешкі асқа қарама.

-  2. Мәтінді тыңда.

Түскі тамақ

Тыңдаңызшы, апам айтар ақылды:
«Түскі тамақ – күшті тамақ, татымды.

Дәмді сорпа тәбетіңді шақырар,
Қуырдақ бар қасығыңды батырар.


Салат та бар, пайдалы нәр бұл аса,
Палау да бар, дәм татып көр, ұнаса.


Қалауың не: құс еті ме, балық па?
Ішіп-жеп ал, қуат жина, жайраңда.


Не сұрайсың: компот әлде айран ба?
Ішіп-жеп ал, қуат жина, жайраңда.


Түскі тамақ – күшті тамақ, татымды».
... Ұмытпаймын мен осы бір ақылды.

Ертай Ашықбаев

 3. Олеңде аталған тағам түрлерін атап айт. Әр тағам түріне қатысты 3 сөз ата.

 4. Ақын сұрағына жауап беріп көр. Түскі асқа не қалайсың? Бір-біріңмен пікір бөлісіңдер.

 5. «Ас – адамның арқауы» деген тақырыпта топ алдында сөйлеуге дайындал және сөйле.

 • Олеңдегі негізгі ойды білдіріп тұрған сөйлемді тауып, дәптеріңе жазып ал.

35

Күн тәртібі



Мәтіндегі негізгі оқиға желісін болжап, жалғастырып әңгімелейсің.

1. Уақытты дұрыс пайдаланып жүрсің бе? Өзіңнің күн тәртібің туралы әңгімеле.

2. Күнделікті ісін жоспарламаған Досалы неге тап болды? Мәтінді түсініп оқы.

Күн тәртібі

Екінші сыныпта оқитын Досалы үйіне көңілсіз қайтты. Келді де, шай ішпестен жатып қалды. Апасы бәйек болып жүр.



Күн тәртібі

үздік оқушы

- Қарағым, бір жерің ауырып жатыр ма?
- Жоқ.
- Ендеше, неге жатырсың, шайыңды ішпей?
- Ойланып жатырмын.
- Ойланып?! – апасы аң-таң. Мынадай байсалды жауапты күтпеген.

Ақшыбық апа қайта мазаламады. «Ойланғысы келіпті, ойлансын, есеюдің басы. Есі кіріп қалған екен-ау қарашығымның...» Шайды жиыстырды да, жұмысына кетті.

Ол ойланып жатыр.

Сабақтан соң, босқа селтендейді екен. Апасының неге ұрыспайтынын енді түсіне бастағандай. Басында миы болса, өзі ойлансын дегені ғой.

Мана сабақ үстінде алғаш рет өзінің жалғыз екенін аңғарды. Сыныптастарының қайсысына қараса да, екі-екіден, үш-үштен топтасып алыпты. Бұнымен ешкімнің жұмысы жоқ. Жанында отыратын Нәзтайға үзіліс кезінде:

– Екеуіміз дос болайықшы, – деп еді, ол шошып кетті.

– Сенімен бе?! Жоқ, дос болмаймын. Сен нашар оқушысың...

Досалы ашуланды. Содан үйге қайтқанша томсырайып отырды. Ызадан жылағысы да келді. Бірақ ұялды.

Жиырма екі оқушының бәрінің бетіне үміттеніп қарап еді, аяушылық білдірген бірі болмады. Ешқайсысы көңіл аударар емес. Күйзелісін түсінер бір бала табылмады...

...Жақсы оқу үшін не істеу керек? Оқушылардың бәрі де далада жүреді. Сабаққа қашан әзірленеді сонда?! Есіктен апасы кіріп келе жатты. Ұшып түрегелді.

– Апа, – деді сосын, – менімен балалар неге дос болғысы келмейді?..

– Үлгерімі нашар баламен кім дос болмақ?..

– Жақсы оқу үшін не істеуім керек?


– Ойынды азайтып, кітапқа бас қою қажет. Оқып қана қоймай, көңілге тоқыған жөн.


– Біздің сыныптың үздік оқушылары да ойыннан қалмайды, олар қалай үлгереді?

– Ө-ө, ойлана бастадың ба! Үздік бала күнделікті жұмыс кестесін жасайды. Сонымен жұмыс істейді. Соған дағдыланып, сабақты да, жұмысты да тиянақты атқарады.

Досалының есіне кеше мұғалім айтқан бір әңгіме түсті. Біреу жас кезінен бастап өзін-өзі тәртіпке үйретіпті. Таңертеңнен ұйқыға жатарға дейін уақытты бөліп, әртүрлі жұмыс істепті. Соған бойы үйренген ол есейе келе атақты адам болыпты. Қартайған шағында да сол қалыптасқан тәртіптен айнымаған. «Оның достары орасан көп болған шығар» деп ойлады Досалы. Қолына қалам алып, жазу үстеліне отырды. Күн тәртібін жасауға бел буды.

Жолтай Әлмешев


 3. Досалының іс-әрекетіне өз көзқарасыңды білдір. Оған күн тәртібін жасауға көмектес.

 4. Күн тәртібін жазып алғаннан кейін Досалының өмірі қалай өзгереді деп ойлайсың? Мәтіндегі оқиға желісін өз бетіңше жалғастырып әңгімеле.

36 37 Үйрен білім жастықта!



Кейіпкерге хат жазасың.

 1. Бақыт құсы деген сөзді естідің бе? Ол қандай болады? Сипаттап айт.

2. Ертегіні түсініп оқы.

Бақыт құсы

(Ертегі)

– Әке, – деді бірде Әмзе сапардан оралған әкесіне, – маған бақыт құсын сатып әперші...

Кезекті сапарына жиналған әкесі мақұлдады. Әмзе әкесін ұзақ күтті. Араға айлар, жылдар салып оралған әкесі:

– Таппадым, балам. Бақыт құсы еш жерде сатылмайды екен, – деді.

– Ендеше, өзім іздеймін.

Әмзе жолға жиналды. Ол жұмысқа қырсыз еді. Құдықтан су тартуды да білмейтін. Жастайынан ерке өскен. Өзі айтқанынан қайтпайтын. Сөйтіп, ол бақыт құсын іздеуге шықты.

Жол ұзаққа созылды. Артта талай көл, талай ел қалды. Кезіккен адамдардан бақыт құсының қайда екенін сұраудан жалықпады.

Әмзе шашына қырау түсе бастаған кезде ақ сақалды бір қарияға кезікті. Қария жолаушыны күтіп, сый

көрсетті. Не шаруамен жүргенін сұрады. Әмзе бақыт құсын іздеп шыққанын айтты.

– Қап! – деп өкінді қария, – Бақыт құсын қолыңнан ұшырып алыпсың-ау!

– Жо-жоқ, – деді Әмзе иландырып, – мен бақыт құсын кезіктіре алмай жүрмін.

– Жолықтың, бірақ – танымадың.

– Қашан? Қалай байқамай қалдым?

– Сен оны байқай да, бағалай да алмадың. Бақыт құсы жас кезінде қонған еді.

– Әлде, балалықпен байқамадым ба?

– Айтайын, жолаушы. Сен бақыт құсын босқа іздеп шаршадың. Ол адамды өзі іздеп келеді. Сен жас кезіңнен еңбек істесең, бақытты содан табар едің. Енді кеш. Өйткені сен өміріңнің жартысынан көбін адасып жүріп өткіздің. Енді ерінбей еңбек етуге үйрене алар ма екенсің? Бақыт құсы тек еңбекқұмарларға ғана қонады. Сондықтан бақыт құсы сенен ұзап кеткен.

Өкініш өзегін өртеген Әмзе бармағын тістепті.

Ыбырай Алтынсарин



Қырсыз – жалқау, икемсіз.

Қырау түсе бастаған кез – қартая бастаған шақ.

3. Ертегіден көкейіңе не түйдің?

4. Бақыт құсын қайтару үшін Әмзеге қандай кеңес бересің?



5. Балалық шақтың қадірі туралы ақын сөзіне зер сала тыңда.

Балалық шақ

Балалық шағың –

Патшаның тағы,

Тіл жетпес оны бағалап.

Бақыт құсы

Көп өтпей жыл,
Тек жүрмей, біл,
Ілгері күнді сағалап.
Үйрен білім жастықта!
Білмесең, жанға қастық та!
Білімге жүгір,
Жоқ ойдан түңіл –
Ерікке қоймай, ентелеп.
Қайтпас уақыт,
Қал дәмін татып,
Бос өткізбе, еркелеп!
Жастық деген – бағасыз,
Қадірін білмес санасыз.
Жастық – алтын,
Құрып қал салтын,
Салты оның – үйрену.
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!

Балалық шақ

жастық

өнер

Мағжан Жұмабаев



Бел бекем буып – тәуекел етіп.

6. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

• **Мағжан Жұмабаев – ақын, жазушы, педагог**



Мағжан Жұмабаев (1893–1938)
Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі
Мағжан Жұмабаев ауданында туған.
Өлеңдерімен қазақ жастарын оқуға,
білімге, өнерлі болуға шақырған.



7. Өлеңде ақын не туралы айтқан? Нені өсиет етеді? Постер құр.



• Өңгіме кейіпкеріне бақыт құсын қайтаруға көмектес. Оған хат жаз. Хатыңда ақын өсиетін пайдалан.

38


Нені үйрендім?



1. Адамның жас кезеңдеріне қатысты халық дәстүрлерін білесің бе? Кластер құрастыр. Осы дәстүрге сай оқыған шығарманды қосып, кластерді толықтыр.

ас мезгілі

Халық дәстүрлері



2. Таңғы, түскі, кешкі ас туралы нақыл сөздерді есіңе түсір.

3. *Қақпаға үйіріле соғады, терезені қағады, көкті жабады* деген тіркестерде не туралы айтылған?

- жаңбыр
- боран
- жел

жас уақыт

4. «Жас уақытта көңіл – гүл» деп кім айтқан?

- М. Жұмабаев
- А. Құнанбаев
- М. Дулатов

Жыл мезгілдері



5. «Бақыт құсы» деген тақырыпта өз ойыңды жаз.

«Әр адамның бақыт құсы болады» – *басталуы.*

«Еңбекті ұнататын адамдарға үйір болады» – *жалғасуы.*

«Бақыт құсымды ұшырмаймын» – *аяқталуы.*



39

Керемет күмбез




Нақты ақпараттарды табасың және
сызбаға түсіресің.



1. Сөзжұмбақты шеш. Ол үшін берілген мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

1. ... – ортақ, ай – ортақ,
Жақсы – ортақ.
2. Жақсылардың ... –
Жанып тұрған шамдай.
3. Ырыс алды –
4. Өдепті ... – арлы бала.
5. Еріншектің ... бітпес.
6. ... теңгең болғанша,
жүз досың болсын.



2. Мәтінді түсініп оқы.

Керемет күмбез

Жас Ахметтің зеректігі мен алғырлығына қызыққан бір ғалым оны Иранға алып кетіп оқытқан деген де сөз бар. Шығыстың дін орталықтары мен ірі-ірі қалаларын, тұрмысы мен кәсіп-тіршілігін көзбен көрген жас жігіт өзінің білімі мен түсінік-танымын кеңейтеді, өмірге деген өз көзқарасын қалыптастырады. Он жеті жасқа толған соң, ақын туған жері Түркістанға оралып, сол кезде аты ғана бар «Ясы» деген жерге қоныс тебеді. Содан сол жерге жұрт біртіндеп жиналып, қалаға айналады. Кейінгі ғасырларда Ясауидің аты жайылған соң, бұл мекен дін және мәдениет орталығы ретінде танылды. Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан кейін, әйгілі Ақсақ Темір оның басына Орта Азияда теңдесі



жоқ керемет күмбез салдырады. Ғимараттың биіктігі 37 метрден асады. Бұл кесене әлі күнге аспанмен таласып, сән-сәулетін бұзбай, асқақ тұр. Керемет күмбез қазір әлемдік мәдени мұралар қатарына енген.

«Қожа Ахмет Ясауи» кітабынан

3. Мәтіннен қандай ақпарат алдың? Сызбаға түсір.

Туған жері

Оқыған жері

Ясауи деп аталу себебі

Күмбез туралы мәлімет

Кесене туралы сенің ойың



4. Қожа Ахмет Ясауи туралы аңызды тыңда.



5. Қазақстанда тағы қандай сәулетті ғимараттар бар? Ой бөліс.

40

Мақтанышым – Астанам



Білетіңді сызбаға түсіресің.



1. Қала атауына қатысты берілген дыбыстардан басталатын сөз тіркестерін ойластыр.

А –
 С – символы – Бәйтерек
 Т –
 А –
 Н –
 А –

2. Өлеңге сай ырғақ таңдап алып оқы. Өуенмен айтуға дайындал.

Мақтанышым – Астанам

Астана келбеті

Алтын Арқа даласы,
 Жасыл Есіл жағасы.
 Қанат жайып құлпырған,
 Аспаны ашық қаласы.

өсем сәулет өнері

Болашаққа бастаған
 Шарықтайды асқақ өн.
 Елордасы Отанның –
 Мақтанышым – Астанам.


Қызу еңбек қайнаған,
Алып құрылыс айналам.
Ғимараттар ғажайып,
Шоқтығындай бай далам.

Батыс, шығыс зергері
Үйлескендей өрнегі.
Астана – алып көрмесі,
Әсем сәулет өнері.


Ермек Өтетілеуұлы

3. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

**Ермек Өтетілеуұлы – балалар ақыны,
аудармашы**



Ермек Өтетілеуұлы (1938–2006)
Ақмола (қазіргі Астана) қаласында
туған. Балаларға арналған «Ең күшті
адам», «Әдептілік – әдемілік», «Биік
үйдің балалары» атты кітаптары бар.

 4. Өлең жолдарына мысалдар келтір.

Өлең жолдары	Мысалдар
Қызу еңбек қайнаған, Алып құрылыс айналам.	
Астана – алып көрмесі, Әсем сәулет өнері.	




5. Суреттерге зер сал. Суреттер бойынша «Көрікті Астанам» тақырыбына мәтін құрастыр (8–10 сөйлем).




6. Өзің тұрған өлкенің көрікті жерлері туралы әңгімеле.






7. «Астана тарихы» тақырыбында дереккөздерден (кітап, ғаламтор т.б.) мәліметтер жинастыр. Келесі беттегі сызба бойынша жаз.



 8. Астанаға айтар тілегіңді дәптеріңе жаз.

41 Сәулетті біздің Алматы

 Ойыңды сызба түрінде ұсынасың және сөзбен көркемдейсің. 

 1. Суреттер топтамасы туралы ой бөлісіңдер. Тағы қандай суреттермен толықтырар едің?





2. Өлеңдерді тыңда. Өлең ырғақтарына зер салып, өзің де оқуға жаттық.

Сәулетті біздің Алматы

Қымбатты қаламыз,
Сымбатты қаламыз.
Қызыға қараңыз,
Туған үй санаңыз.
Құлпырған бақтары,
Нұр тұнған ақ таңы,
Сәулетті біздің Алматы.

сәулетті Алматы

Қоршаған таулары,
Жайқалған баулары.
Бұлбұлдар шырқаған,
Субұрқақ бұрқаған.
Алтын күн аспаны,
Жарқын үн жастары,
Сәулетті біздің Алматы.

сымбатты қала

Біз әлі баламыз,
Өскенде қараңыз:
Сәнді үйлер саламыз,
Ертегі қаламыз,
Кеңейіп көлемі,
Көркейе береді,
Сәулетті біздің Алматы.

Мұзайдын

Алматы керемет қала ғой.
Алатау айрықша дара ғой.
Көрікті жерлері жетеді,
Бірінен-бірі өтеді.
Көңілді көтеріп, демеуге,
Тура жол тартады Медеуге.

қымбатты қала

Онда бар мұзайдын — сырғанақ,
 Құмарың қанбайды мың қарап.
 Бұл-дағы бір түрі жарыстың,
 Келмейді қатардан қалысқың.
 Үміт боп кеудеде бас бәйгі,
 Үнемі сені алға бастайды.

Абдырахман Асылбек

3. Түсініп оқы, өлеңдердің авторы туралы әңгімеле.

Абдырахман Асылбек – балалар ақыны, аудармашы



Абдырахман Асылбек 1938 жылы Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылында туған. Балаларға арналған «Ойын ойнап, өн салмай» жыр жинағы, «Тілін жұтқан тауық», «Жаңғақ жыры» және т.б. ертегілері бар.

4. Кестемен жұмыс.

Өлең жолдары	Түсінгеніңді қарасөзбен жаз
1. Қоршаған таулары, Жайқалған баулары. Бұлбұлдар шырқаған, Субұрқақ бұрқаған.	
2. Алматы керемет қала ғой. Алатау айрықша дара ғой. Көрікті жерлері жетеді, Бірінен-бірі өтеді. Көңілді көтеріп, демеуге, Тура жол тартады Медеуге. Онда бар мұзайдын – сырғанақ, Құмарың қанбайды мың қарап.	



5. Жоба жасауға дайындал.

Тақырыбы: «Болашақтың қаласы».

Ұраны: Біз әлі баламыз,
Өскенде қараңыз:
Сәнді үйлер саламыз,
Ертегі қаламыз,
Кеңейіп көлемі,
Көркейе береді.

Жоспары:

1. Қаланың сызбасын жасауға дайындық.
2. Сызба ұсыну.
3. Сөзбен көркемдеу.
4. Жобаны қорғау.
6. Олеңдердің өзің қалаған біреуін жаттап ал.

42

Әлемнің кереметтері



Қажетті ақпаратты табасың.



1. Әлемнің жеті кереметі туралы естіп пе едің? Ой бөліс.
2. Мәтінді түсініп оқы.

Вавилонның аспалы бағы

Вавилонның аспалы бағы – әлемнің алғашқы жеті кереметінің бірі. Бұл бақты Вавилон патшасы Навуходоносор әйелі Амитис патшайымның құрметіне салғызған. Мидиялық патша қызы Вавилонның шаңдағында өз еліндегі гүл-құрақтың хош иісі мен ағаштың сыбдырын аңсайды. Сонда патша Мидия баурайындағы саялы мекеннің елесін орнату үшін осы бақты салдырады.

Аспалы бақтың құрылысына патшалықтың күш-қуаты жұмылдырылып, тәжірибелі құрылысшылар мен математиктер қатысқан. Бірнеше қабаттан тұратын бақтың табанына тас төселіп, оның үстіне қамыс жайылған. Су өтпес үшін қамыс үстіне асфальт және қақталған қорғасын жабылған. Мұның үстіне зәулім ағаштың өзі тамыр жайып шығатындай етіп топырақ төгілген. Бұл жасанды жолмен жасалған бақта жұбайлар қыдыратын, демалатын, тамақтанатын. Патшайым бақтың ең үстіңгі қабатында судың сылдырына рақаттана құлақ түріп отыратын. Ал бұл су Евфрат өзенінен каналдар жүйесі арқылы келетін. Патшайымның сұлу бейнесі ұрпақтар есінде көмескі тартып, Ассирияның әйел патшасы есімімен астасып сақталған. Сондықтан да аспалы бақты «Семирамида бағы» деп атайды.

«Әлемнің 7 және 37 кереметі» кітабынан



3. Суретке зер сал. Мұнда аспалы бақтың қазіргі нұсқасы бейнеленген. Мәтінмен салыстыр.



«Вавилонның аспалы бағы»

4. Мәтінге сүйеніп, аспалы бақтың алғашқы нұсқасын сипатта. Жалпы сұлбасын қалай салар едің?



5. Мәтіндегі жалқы атаулардан сөздік құрастыр.

Вавилон –

Мидия –

Евфрат –

Амитис –

Навуходоносор –

Семирамида –

Әлемнің кереметі



6. Сен білесің бе? Өзіңді тексер.

Әлемнің жеті кереметі	Қазақстанның жеті кереметі

43

Жер астында қала бар



Ертегідегі оқиғаның жалғасын болжап әңгімелейсің.



1. Жер астында қала болуы мүмкін бе? Ой бөліс.
2. Ертегіні түсініп оқы.

Алтын мүйізді киік

(Ертегі)

Ертеде Бұлдырмерген деген атақты аңшы болыпты. Өзі мерген әрі қарулы, ақылды, ержүрек адам екен.



Бір күні ол аңға шығады. Орманды, тауды аралайды. Шаршаған соң, бір ағаштың көлеңкесіне келіп демалады.

Бұлдырмерген қарсы алдында ағып жатқан бұлаққа қарап отырады. Сөйтсе байқамапты. Бұлақтың арғы жағасында, үлкен жартастың түбінде бір киік жайылып жүр екен. Екі мүйізі күнге шағылысып жарқырайды. Тіпті көз қаратпайды. Бұлдырмерген өз көзіне өзі сенбей, таңдана қарады. Шын киік. Екі мүйізі қарағайдай, алтыннан екен.

Ол киікті атып алмақ болып, садағын кезейді. Сонда алтын мүйізді киікке тіл бітіп:

– Сабыр ет, мерген! – деп Бұлдырмергенді тоқтатады. Аңшы оның жанына келеді. Ол аң аулап жүріп, бұрынсоңды мұндай ғажапты көрмеген екен. Қатты таңғалады.

Алтын мүйізді киік әп-сәтте алтын мүйізді ақсақалды шалға айналады. Үстіндегі киімі күмістей жарқырайды. Ал екі алтын мүйізі сол қалпында қалады. Бұлдырмерген ештеңе демей, ғажапқа таңдана қарайды.



– Осы тауда Бұлдырмерген деген атақты аңшы батыр бар деп естіп, соны іздеп шығып едім. Оны білмейсің бе, балам? – дейді ақсақалды шал.

– Отағасы, ендеше сол Бұлдырмерген мен боламын! – дейді аңшы.

– Рұқсат болса, балам, сені іздеп шыққан шаруамды айтайын.

– Айтыңыз.

– Менің балам – жерасты елінің ханы. Мен – соның туған әкесімін.



3. Алтын мүйізді ақсақал Бұлдырмергенді не үшін іздеген деп ойлайсың? Болжа.

4. Суреттерге сүйеніп, ертегіні әңгімеле.



5. Жерасты елінің мекені қандай деп ойлайсың? Жобасын жасап, әңгімеле.

6. Сол қалаға алтын мүйізді киіктің мүсінін орнату тапсырылды делік. Мүсіншіге қандай кеңес берер едің?



1. Кейіпкердің портретін сөзбен жасай аласың.
2. Шығармадағы оқиғаның басталуын, жалғасын, аяқталуын анықтайсың.

1. Ертегінің жалғасын тыңда.


Алтын мүйізді киік (жалғасы)

(Ертегі)

– Қаламызға жақын жерде терең сай бар. Жиырма жыл болды, сонда бір айдаһар мекендейді. Бүкіл ел-жұртыңды қалаңмен жұтамын дейді және сол сайдың маңына барған адам болсын, мал болсын, әйтеуір жандыны құтқармайды. Соған ешкімнің де күші жетпейді. Оны тек Бұлдырмерген ғана жеңеді деген соң, халқымызға бір жақсылық бола ма деп, сені іздеп шығып едім! – дейді ақсақалды шал жылап.

– Жарайды! – деп, Бұлдырмерген сауыт-сайманын сайлап, алтын мүйізді шалға ілеседі. Олар жер үсті мен жер астын жалғастыратын үңгірден өтіп, қарттың қаласына барады.

Бұлдырмерген бойына бар күшін жинап, қолына жүз құлаш алмас семсер алып, айдаһар жатқан сайға келеді. Жотаға шықса, боран соғып тұр екен. Желдің



қаттылығы соншалық – таудың екі бетіндегі тасты ұшырып кетіп жатыр. Бұлдырмерген қаһарланып, семсерді беліне көлденең ұстап, күшті леппен тартып жатқан айдаһарға қарай жүреді. Сұрапыл боран оны ұшырып отырып, айдаһардың аузына бір-ақ апарады...

Өткір семсерден айдаһар қимылдауға шамасы келмей қалады. Алай-түлей соққан боран да тоқтайды. Боран айдаһардың лебі екен.

Айдаһардан жапа шеккен жұрт шат-шадыман қуанышқа бөленеді. Бұлдырмергенді қоршап алып, қошеметтеп, қалаларына әкеледі. Ұлан-асыр той жасайды. Алтын мүйізді шал:

– Балам, сен өзі шаруа адамы екенсің. Аң аулап қана тіршілік ететін көрінесің. Бізде мал да, дүниебайлық та жетеді. Сен енді осында қалып, үйлен, – дейді Бұлдырмергенге.

Бұлдырмерген бұған көнбейді.

– Менің ауылым, туысқандарым бар артымда. Оларды тастап, мен мұнда өз басымның жақсылығын күйттеп қала алмаймын, – дейді.


Бұлдырмергеннің мұнда қалмасын көрген алтын мүйізді шал оған ханның қазынасынан көп алтын, асыл дүниені сыйға тартып, аттандырады. Сөйтіп, осыдан соң Бұлдырмергеннің ауылы да әлденіп, күнкөрісін жөндеген екен дейді.

«Алтын мүйізді киік» кітабынан

портрет

Шығармада кейіпкердің сыртқы түрінің, кескінкелбетінің суреттелуі **портрет** деп аталады. Ал кейіпкердің мінезі, наным-сенімі, дүниеге көзқарасы қоса суреттелсе, оны **мінездеу** дейді.

мінездеу

 2. Мәтінге сүйеніп және суретке қарап, Бұлдырмергенге мінездеме бер.

Киімі –

Аңшылығы – ...

Батырлығы – ...

Халқына құрметі – ...

 3. Ертегіге берілген жоспар дұрыс па? Қатесін тап.

1. Алтын мүйізді киіктің өтініші.

2. Ғажайып көрініс.

3. Жерасты еліндегі той.

4. Мәтін бойынша берілген суреттерге сәйкес келетін ертегі бөлімдерін әңгімеле.





5. Бұлдырмергеннің жерасты қала халқына пайдасы тиді. Ал сен өз қалаңды, ауылыңды көркейтуге қандай үлес қосар едің? Топ алдында сөйлеуге дайындал.

45

Күшіңе сенбе, ісіңе сен



 Сөйлесу мәтінін құрайсың. 

1. «Күшіңе сенбе, ісіңе сен» дегенді қалай түсінесің? Пікір білдір.

2. Түсініп оқы.

Ер еңбекте сыналады

ҚҰРЫЛЫС

Құрылыста адам аз. Сол аз адамға көп мәшине бағынып, айдауына жүріп, айтқанын орындайды. Тізбек-тізбек жүк мәшинелері құрылыс алаңына ағаш, тақтай,

тас, цемент, әк жеткізеді. Олар алқынып, гүжілдеп, гүрілдеп алыстан келеді. Мәшиненің де мәшинесі бар. «Бәрін бітірген өзім» дейтін мақтаншақтар олардың арасынан да табылады. Әсіресе зауыттан жаңа ғана шыққан бір жүк мәшинесі мақтанғанда жер-көкке сыймайды. Ол көтергіш кранға қарап, оны кекете-мұқата жөнелді.



– Ей, сен, мойныңды соншама созып, кімді қарап тұрсың? – деп қарқ-қарқ күлді. – Мойныңды қанша созғаныңмен, біз барып-келіп жүрген алысқа бәрібір көзің жетпейді.

Көтергіш кран жауап бермей, өз жұмысын істеп, құрылысшының керегін әперіп тұра берді. Моторы гүрілдеп, қосақталған әлденеше бөренелер мен ағаштарды аспанға көтерді.



– Е-е, – деді жүк мәшинесі. – Мен гүрілдесем, жүріп кетемін, алысқа барамын. Ал сен қанша гүрілдесең де, бір орныңнан қозғалмай, мойныңды созып тұра береді екенсің.

еңбек

– Әркімнің өз өнері, өз міндеті бар. Біреу – күшті, біреу – жүйрік, біреу – өнерлі. Біреу жүріп істейді, біреу тұрып істейді, – деді көтергіш кран.

– Сен сонда күштіге жатамысың?





- Солай шығар?..
- Көре алмай тұрмыз-ау.
- Несін айтамын, күшімді ісім көрсетсін.

Аспанда түнерген бұлт көшіп жүрген-ді. Түс ауа сол бұлт қатты нөсер жауынға айналды. Құрылыс маңы лайсаң батпақ болып кетті. Әлгі мақтаншақ мәшине ойпаттағы батпаққа батып қалды. Қанша гүжілдесе де, шыға алмай, сазға белшеден батқан үстіне бата түсті. Басқа бір жолдас мәшинесі келіп, оны арқанмен тартып шығармақ болды. Бірақ оны шұңқырдан шығара алмады. Сол сәтте құрылыс бастығының өмір етуімен көтергіш кранға кезек келді. Кран ұзын мойнын бұра келіп, шұңқырда тұрған мәшинені шынжырмен асты-үстінен орап байлаттырды. Содан кейін абайсыз құлаған баланы құлағынан көтергендей, мәшинені жоғары көтеріп әкетті. Дөңес жерге шығарып қойды да, мақтаншақ мәшинеге:

- Балақай, бұдан былай мақтанба, әркімнің өз өнері, өз орны бар.

Бәріміз де құрылысшының тек көмекшісіміз, – деді.

«Ер еңбекте сыналады» деген сөз осындай іс нәтижесінде айтылған екен.

Жекен Жұмаханов



3. Мәтінде берілген суреттерді пайдаланып, мәтін бойынша мультфильм жаса. Тағы қандай кадр қосатыныңды айт.

- Мультфильмге қатысушы кейіпкерлердің сөздерін дайында.

46

Өнерлінің қолы алтын



Мәтіндегі негізгі ойды
анықтайсың.

1. «Өнерлінің қолы алтын» дегенді қалай түсінесің?
2. Өлеңді мәнерлеп оқы және жаттап ал.

Он саусақ

Жалғыз саусақ тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.

өнерлі

Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.

«Он саусақ»

Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ.

Мұзафар Әлімбаев

3. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

**Мұзафар Әлімбаев – балалар ақыны,
соғыс ардагері**



Мұзафар Әлімбаев (1923–2017)
Павлодар облысы Шарбақты ауданы
Маралды ауылында туған. Ұлы Отан
соғысына қатысқан. Балаларға ар-
нап «Балдәурен, шіркін, балалық»,
«Ақсерек те көксерек» және т.б.
көптеген кітаптар жазған.

4. Өлеңді тыңда.

Он саусақ

Шаршы топпен жалғасып,
Күмбірлетіп күй салсақ,
Он пернені дәл басып,
Ойнақтаған он саусақ.

Көкте бұлтпен таласқан,
Он бес қабат үй салсақ.
Көк кірпішін қалаған
Тегеурінді он саусақ.

Алма, жүзім, өрікті
Майыстырып бау салсақ.
Ауылымызды көрікті
Ететін де он саусақ.

Шона Смаханұлы

5. Түсініп оқы. Өлеңнің авторы туралы әңгімеле.

Шона Смаханұлы – ақын, сықақшы



Шона Смаханұлы (1924–1988)
Жамбыл облысы Талас ауданы Ойық ауылында туған. Балаларға арналған «Шимайбек пен Шыңқетпе», «Ұр, тоқпағым, ұр» және т.б. жыр жинақтары бар.



6. Өлеңдерде адам еңбегінің қандай түрлері әңгімеленеді?

7. Өлеңдердің әрбір шумағына ат қой. Өзің қандай мамандықты ұнатасың?

 8. Мәтіндерді салыстыр.

Мәтіннің авторы	Тақырыбы	Негізгі ойы	Он саусақ туралы тіркестер


47

Еңбекке жастан, өнерге бастан 
 Мәтін бойынша жоспар құрасың. 
 1. Жалғасын тап. Ортақ тақырып ойластыр.

1. Еңбек етсең,
2. Еңбегі аздың
3. Еңбек етсең ерінбей,
4. Еңбектің наны
5. Еңбек, еңбек бәрін

ертегі

«Алтын балта»

 2. Ертегіні тыңда.
Алтын балта*(Ертегі)*

Баяғыда бір кедей болыпты. Бір күні ол көршілес байдың балтасын сұрап алып, отынға барыпты.

Біраз отын шауып бола берген кезде, кедейдің балтасының басы ұшып кетіп, қасындағы диірмен тасын айналдырып жатқан суға барып түсіпті.

Кедей диірменші шалға келіп, балтамды алып бер деп жалынады. Шал диірменін тоқтатып, суға қолын тығып жібереді де, бір алтын басты балтаны алып шығады.

– Мынау ма, балтаң? – дейді диірменші.

– Жоқ, бұл емес, – дейді кедей.

Шал суға екінші рет қолын малып жіберіп, күміс басты балтаны алып шығады да:

– Мынау ма, балтаң? – дейді тағы да кедейге.

– Бұл да емес.

Диірменші үшінші рет қолын суға малғанда, қара темір балта ілігеді.

Сол кезде ғана кедей:

– Е, міне, менің балтам! – деп оған қолын соза бергенде, диірменші шал оны тоқтатып:

– Шырағым, дүниеқоңыз емес, ақпейіл, адал жан екенсің. Сол үшін менен мына балтаны сыйға ал. Оның сен сияқты кедейге тигізер пайдасы көп. Осы балта қолыңда тұрғанда, күнкөрісің түзелер, тез арада-ақ ел қатарына қосыларсың, – деп оған алтын балтаны береді.

Кедей бұл балтаны үйге әкелген күннен бастап құлшына еңбек етеді. Алтын балта сиқырлы балта екен, кедей отынды да өндірте жарады. Сөйтіп, ісі оңға басады. Үйге береке кіреді. Мұны көрші бай да байқап қалады. Бір күні ол кедейден мұның сырын сұрайды. Кедей жасырмай, барлық болған оқиғаны айтып береді.

Енді қара балтасын ала салып, бай да отынға келеді. Ол отынды шабар-шаппастан-ақ шыдамай, балтасын диірмен суына лақтырып жібереді де, алып бер деп, диірменші шалға келеді.

Шал судан алтын басты балтаны алып шығады.

Сол сол-ақ екен бай:

– Менің балтам, мынау – менің балтам! – деп, тұра ұмтылады.

Бірақ диірменші шал оны кеудесінен итеріп, тоқтатады да:

– Қоя тұр, құлқыны тоймаған қу неме! Міне, сенің балтаң, – деп, байға өзінің темір басты балтасын алып береді.

Бай амалы құрып, үйіне қайтады.


Еңбегімен күнелткен кедейді күндеп, көре алмай, ішқұса болған бай шаруасына да жөндеп қарай алмапты. Тұрмысының да берекесі кетіпті.

 3. Кестені толтыр.

Мәтіннен үзінді	Кімнің мінездемесі?
1. Дүниеқоңыз емес, ақпейіл, адал, құлшына еңбек етеді, еңбегімен күнелткен.	
2. Құлқыны тоймаған, көре алмайды, күндейді, берекесі кеткен.	


4. Жоғарыдағы мақал-мәтелдерден осы ертегінің негізгі ойына сәйкес келетіндерін ата. Ертегіден көңіліңе не түйдің?

 5. Ертегіні бөліктерге бөліп, оларға ат қой.

 6. Суретке зер сал. Ертегінің қай бөлігіне сәйкес келеді? Әңгімеле.



7. *Балта* сөзі көзіңе нені елестетеді? 5 сөз ата.

 8. Алтын балта сенің қолыңа түссе, не істер едің? Не тілер едің?

48

Нені үйрендім?



Жазба жұмысы



Шетелдік қонақтарға Астананы таныстыру мәтінін құрастыр.

Тақырыбы: Менің Астанам.

- Жоспары:**
1. Астананың тарихы.
 2. Құлпырған Астанам.
 3. Бас қаламмен мақтанамын.

Берілген суреттерді жазба жұмысында пайдалан.



Астана

бас қала

Ескі Астана

құрылыс

ғимарат



Жаңа Астана

Сөздік

Әйдік – үлкен.

Батырлар жыры – халық шығармаларының көлемді де көрнекті бір түрі.

Безбүйрек – қатігез, мейірімсіз.

Бел бекем буып – тәуекел етіп.

Жұмбақ – шешуін табуға құрылған қысқа шығарма.

Жүгінді – бағынды, айтқанына көнді.

Жырау – жырды өзі шығарып, өзі айтушы адам.

Жыршы – жырларды айтып таратушы, суырыпсалып айтушы.

Кейіптеу – табиғат құбылыстарын адам кейпіне келтіріп суреттеу.

Күнгеі жақ – күн түсетін оңтүстік жақ.

Қабағын қайғы жабады – қатты көңілсізденеді, мұңға батады.

Қанатты сөз – өрнекті сөз тізбектері.

Қар (қары) – қолдың білектен жоғары тұсы.

Қарысты – *бұл жерде:* саусақтың иілмей, қозғалмай қалуы.

Қыпшақ – қазақ руларының бірі.

Қырау түсе бастаған кез – қартая бастаған шақ.

Қырсыз – жалқау, икемсіз.

Мақал-мәтел – үлгі-өнеге ретінде айтылатын қысқа да нұсқа нақыл сөз.

Масайрап – еркін, рақаттанып.

Мінездеу – кейіпкердің мінезі, наным-сенімі, дүниеге көзқарасының суреттелуі.

Мысал – тәрбиелік мәні бар, астарлы сықақ өлең, әңгіме.

Негізгі ой – мәтін тақырыбын қысқаша айту.

Өлең – ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақышты сөздер тізбегі (*З.Қабдолов*).

Өлең ырғағы – өлең сөзге тән өлшем.

Портрет – кейіпкердің сырт бейнесі.

Сөз өнері – бір нәрсе туралы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білу (*А.Байтұрсынұлы*).

Сүңгі – найза түрі.

Тақым – адам санының тізеден жоғары ішкі жағы.

Тақырып – көркем шығармадағы басты оқиға мен ойдың түйіні.

Тармақ – өлең жолы.

Теңеу – бір нәрсені екінші бір нәрсеге ұқсатып айту тәсілі.

Төре (төрелік) – *бұл жерде*: шешім.

Тұл – *бұл жерде*: жеміссіз, өнімсіз.

Хисабына – қатарына, есебіне.

Шәрі – қала.

Шешендік сөздер – терең оймен, шебер тілмен айтылатын халық шығармасы.

Шумақ – өлең тармақтарының белгілі ретпен топтасуы.

Эпитет – бір нәрсенің айрықша сипатын анықтау үшін оны көркейтетін, айқындайтын бейнелі сөз.

Жұмбақтар мен сөзжұмбақтардың шешуі:

9-бетте: кірпі.

20-бетте: жарғанат, көкек, балықшы құс.

34-бетте: ауа.

50-бетте: өсім, қанағат, борыш.

85-бетте: қар, қырау, мұз, боран.

97-бетте: күн, үлгісі, ынтымақ, бала, ертеңі, жүз.



МАЗМҰНЫ

Жас дос!	3
----------------	---

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

1-сабақ. Оқуға шақыру	5
Оқуға шақыру. <i>Ахмет Байтұрсынұлы</i>	5
2-сабақ. Күн шыққанда	7
Күн шыққанда. <i>Ілияс Жансүгіров</i>	7
3-сабақ. Есеннің кірпісі	9
Есеннің кірпісі. <i>Сапарғали Бегалин</i>	9
4-сабақ. Табиғат тағылымы	11
Шегіртке мен құмырсқа (<i>Мысал</i>). <i>Иван Крылов</i>	12
5-сабақ. Құмырсқаның қанағаты	15
Құмырсқаның қанағаты (<i>Ертегі</i>)	15
6-сабақ. Қанатты достарым	17
Қараторғай. <i>Жүсіпбек Аймауытов</i>	18
7-сабақ. Қамқорлық	20
Қамқорлық. <i>Бердібек Соқпақбаев</i>	21
8-сабақ. Туған өлке гүлдері	23
Гүлдер. <i>Тұманбай Молдағалиев</i>	24
9-сабақ. Табиғаттағы байланыс	26
Терек пен қабығы (<i>Мысал</i>). <i>Бейсебай Кірісбайұлы</i>	26
10-сабақ. Мен қалада тұрамын	28
Сен ұйықтап жатқанда. <i>Бердібек Соқпақбаев</i>	28
Таң. <i>Ертай Ашықбаев</i>	30
11-сабақ. Бау-бақша аясында	32
Жеміс бағында. <i>Бейсебай Кірісбайұлы</i>	32
Жүзім жегісі келген қасқыр (<i>Ертегі</i>)	33
12-сабақ. Алмастың ағашы	34
Алмастың ағашы. <i>Мархабат Байғұт</i>	35
13-сабақ. Киіктің айласы	38
Ақсақ киік. <i>Сәкен Сейфуллин</i>	38
Киіктің айласы. <i>Әуелбек Қоңыратбаев</i>	38
14-сабақ. Нені үйрендім?	40

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

15-сабақ. Жақсы деген немене, жаман деген немене?	44
16-сабақ. Жақсылық жасау – борышың	45
Баланың айласы. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	45
17-сабақ. Жақсыдан үйрен	48
Малды пайдаға жарату. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	48
18-сабақ. Адамдық – борышың	50
Адамдық – борышың. <i>Шәкәрім Құдайбердіұлы</i>	50
19-сабақ. Абайдың қарасөзі	51
Абайдың отыз сегізінші қарасөзінен	52
20-сабақ. Батыр туса – ел ырысы	53
Батырлар жыры.....	53
Қобыланды батыр (<i>Жырдан үзінді</i>)	55
21-сабақ. Том мен Бекки	58
Том мен Бекки. <i>Марк Твен</i>	58
22-сабақ. Нағыз достық.....	60
Батылдық. <i>Марк Твен</i>	61
23-сабақ. Ата сөзі – алтын сөз	63
Алтын сөз. <i>Несіпбек Айтұлы</i>	63
24-сабақ. Ғаламтор туралы ойларым.....	65
Аман мен телефон. <i>Әдібай Табылды</i>	66
Ғаламтор туралы. <i>Ертай Ашықбаев</i>	68
25-сабақ. Білім керек бәріне	70
Білім керек бәріне. <i>Фариза Оңғарсынова</i>	70
Білім. <i>Өтебай Тұрманжанов</i>	71
26-сабақ. Қазақ деген халықтың баласымын.	72
Қазақ деген халықтың баласымын. <i>Тұманбай</i> <i>Молдағалиев</i>	73
27-сабақ. Нені үйрендім?.....	74

УАҚЫТ

28-сабақ. Жыл санау.....	75
Жыл басы	75
29-сабақ. Жас уақытта көңіл – гүл.....	78
Ғылымға көңіл бөлсеңіз. <i>Абай Құнанбаев</i>	78
30-сабақ. Күзгі уақыт	80
Күз. <i>Міржақып Дулатов</i>	80
31-сабақ. Ауыл күзі.....	81
Ауыл күзі. <i>Тайыр Жароков</i>	82

32-сабақ. Қысқы кеш суреттері.....	85
Қысқы кеш. <i>Александр Пушкин</i>	85
33-сабақ. Қысқы кеш.....	87
Қысқы кеш. <i>Мұқан Иманжанов</i>	87
34-сабақ. Түскі тамақ – күшті тамақ.....	89
Түскі тамақ. <i>Ертай Ашықбаев</i>	89
35-сабақ. Күн тәртібі.....	90
Күн тәртібі. <i>Жолтай Әлмешов</i>	90
36–37-сабақтар. Үйрен білім жастықта!.....	93
Бақыт құсы. <i>Ыбырай Алтынсарин</i>	93
Балалық шақ. <i>Мағжан Жұмабаев</i>	94
38-сабақ. Нені үйрендім?.....	96

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

39-сабақ. Керемет күмбез.....	97
Керемет күмбез.....	97
40-сабақ. Мақтанышым – Астанам.....	99
Мақтанышым – Астанам. <i>Ермек Өтетілеуұлы</i>	99
41-сабақ. Сәулетті біздің Алматы.....	102
Сәулетті біздің Алматы. <i>Абдырахман Асылбек</i>	103
Мұзайдын. <i>Абдырахман Асылбек</i>	103
42-сабақ. Әлемнің кереметтері.....	105
Вавилонның аспалы бағы.....	105
43-сабақ. Жер астында қала бар.....	107
Алтын мүйізді киік (<i>Ертегі</i>).....	107
44-сабақ. Жер астында қала бар (<i>жалғасы</i>).....	110
Алтын мүйізді киік (<i>жалғасы</i>).....	110
45-сабақ. Күшіңе сенбе, ісіңе сен.....	112
Ер еңбекте сыналады. <i>Жекен Жұмаханов</i>	112
46-сабақ. Өнерлінің қолы алтын.....	115
Он саусақ. <i>Мұзафар Әлімбаев</i>	115
Он саусақ. <i>Шона Смаханұлы</i>	116
47-сабақ. Еңбекке жастан, өнерге бастан.....	117
Алтын балта (<i>Ертегі</i>).....	117
48-сабақ. Нені үйрендім?.....	120
Сөздік.....	121
Жұмбақтар мен сөзжұмбақтардың шешуі.....	123

О қ у б а с ы л ы м ы

**Қабатай Бидана Тұрсынханқызы
Зейнетоллина Үміт Көбестайқызы
Қалиева Венера Амангелдіқызы**

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*

Суретшісі *Б. Ералиева*

Фотосуреттерді түсірген *А. Устиненко*

Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*

Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*

Корректоры *Е. Амангелді*

Компьютерде беттегендер *С. Төлегенова, Д. Айтжанов*

ИБ № 006

Теруге 21.01.2018 берілді. Басуға 05.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100¹/₁₆.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 10,4.
Есептік баспа табағы 5,58. Таралымы 200 000 дана. № 3378 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

